

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№127 (9445) | 1954 жылғы 27 июнь Жексенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жемшөп дайындаудың шешуші кезеңі

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп дайындаудың шешуші кезеңі туды. Облысымызда шөп шабу, шөмелеу, маялау және жыйналған пішенді мал қыстайтын орындарға тасу жұмысының қызу кезеңі басталды.

Быйылғы жылы облыстың колхоз, совхоздарының жайылымдықтары мен шабындықтарында шөп бітік шықты. Әресе, Есіл өзені алқаптарындағы шабындықтар мен жайылымдықтардың шөбі мейлінше мол. Сол сыяқты, облысымыздың колхоз, совхоздары мен машина-трактор станциялары өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарын және басқа шөп шабуға, жыйнауға және маялауға қажетті отандық күрделі техниканы көп алды. Бұл жағдайдың барлығы үстіміздегі жылы жемшөп дайындау жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп, табысты аяқтауға қолайлы мүмкіншілік туғызды.

Алайда, облысымыздың колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау жұмыстарының мейлінше қанағаттанғысыз жүргізіліп жатқандығын, тіпті көл жерлерде бұл жұмыс әлі күнге дейін шын мәнінде кеңінен өріс алмағандығын мойындауымыз керек. Жемшөп дайындау жұмыстарының барысы, әсіресе, Мамлют, Приешім және Полудень аудандарында мейлінше төзгісіз жағдайда болып отыр. Полудень ауданындағы Ново-Георгиев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жемшөп дайындау жұмыстары әлі күнге кең көлемде, жедел қарқынмен жүргізілмей келеді. Оның үстіне бұл МТС-тің қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», «Красный Октябрь» сыяқты колхоздарда жемшөп дайындауға қажетті бірқатар машиналар мен құрал-саймандар әлі күнге шөп шабу науқанына әзір етілмеген де. Ал, «Путь к коммунизму» колхозына шөп шабуға МТС-тен әлдеқашан бөлінген кеңалымды шөп машиналары күні бүгінге дейін бұл колхозға келген жоқ. Ново-Георгиев МТС-нің де, сол сыяқты, жоғарыда аталған колхоздардың да басшылары шөп шабу және оны жыйнау жұмыстарын қарқынды жүргізуді ұйымдастыруға асығатын көрінбейді. Олар «уақыт әлі ерте, күзге дейін талай шөп шабылады» деген зиянды пікірдің шармауына түскен. Ал, Полудень аудандық

ханизатор мен пішеншінің еңбектегі белсенділігін арттыруға, сөйтіп, олардың жұмыс нормаларын үнемі толық және артығымен орындауына жетісіп отыру қажет.

Жемшөп дайындауда механизация күшінің өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде МТС басшылары мен механиктеріне, инженерлеріне күрделі міндеттер жүктеледі. Олар әрбір агрегаттың техникалық жағынан тыңғылықты күтілуіне жете назар аударып, тракторлардың, шөп машиналарының болмашы ақаумен тоқтан қалуына жол бермей, ондай ақаулардың жұмыс үстінде қолма-қол жөнделуіне, сөйтіп, әрбір шөп машинасының жұмыс өнімділігін арттыруға жетісетін болсын.

Шабылған пішен — дайындалған пішен болып саналмайды. Сондықтан шабылған пішенді іле-шала шөмелеу, маялау және қыстаулар жанына тасу жұмыстарын да тыңғылықты ұйымдастыру керек. Бұл жөнінде, әсіресе, колхоз басшылары айырықша іскерлік көрсетуге міндетті. Олар шабылған пішенді шөмелеу, маялау және қыстаулар жанына тасу жұмыстарына қолда бар күш-көлікті және еңбекке жарамды барлық колхозшыларды қатыстыруға тиіс.

Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру — жемшөп дайындауды табысты жүргізудің басты шарты. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауыл-шаруашылық органдары, жоғарыда айтылғандай, шөп машиналарының қуатын жұмысқа толық пайдалануға жетісумен бірге, барлық материалдық, техникалық күш-құралдардың жемшөп дайындау жұмыстарына түгел қосылуын қамтамасыз ететін болсын. Шөп шабу жұмысына күрделі техникамен бірге ат шөп машиналарын да толық пайдалану керек. Сол сыяқты, қажет болған жағдайда шөпті қол шалғымен шабуды да ұйымдастырған жөн.

Конюхов ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелі жемшөп дайындауға кезінде кірісіп, бұл жұмысты кәсіргі күндері қызу қарқынмен жүргізуде. Колхоздың шабындықтарында бір өздігінен жүретін шөп машинасы, тракторға тіркелген төрт кеңалымды машина, екі кеңалымды тырнауыш, екі шөп маялағыш жұмыс істейді. Мұнымен бірге, колхоз басқармасы көлікке жегілетін алты шөп машинасын жұмысқа қатысты. Колхоз

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде Аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау және жемшөпті мал қыстайтын жерлерге тасу жөніндегі республикалық жарысы туралы

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Совхоздар министрлігімен бірлесіп, аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау және жемшөпті мал қыстатылатын жерлерге тасу жөніндегі социалистік жарысын ұйымдастырады.

Комсомолдың облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері жемшөп дайындауға село жастарының жарысын кең өрістетуге, әрбір комсомолецтің, жас колхозшының, МТС, совхоз жұмысшысының өздеріне жеке-жеке міндеттемелер алуын, алынған міндеттемелердің орындалуына бақылау жүргізілуін, жарыс озаттарының жұмыс тажрибесін кең көрсетудің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Пішен жыйнауға, жемшөп тасуға және жемшөп сүрлеуге жарыста жеңім шыққандарды көтермелеу үшін сыйлықтар белгіленіп отыр.

Аудандық комсомол ұйымдары үшін 3 бірінші, 5 екінші және 8 үшінші сыйлықтар белгіленді. Бірінші орынға ие болған комсомол ұйымдары ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградалады және оларға сыйлыққа радиоқабылдағыш беріледі. Жарыста үшінші орынға шыққан ұйымдар ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградалады және оларға сыйлыққа велосипед беріледі.

Шөп шабатын комсомол жастар бригадалары, жемшөп тасу және жемшөп сүрлеу жөніндегі бригадалар үшін 9 бірінші, 15 екінші, 24 үшінші сыйлықтар белгіленді. Бірінші орынға ие болған бригадалар ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградалады және оларға сыйлыққа радиоқабылдағыш беріледі.

Екінші орынға ие болған бригадалар ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградалады және оларға сыйлыққа фотоаппарат беріледі. Үшінші орынға шыққан бригадалар ҚЛЖО Орталық Комитетінің құрмет грамотасымен наградалады және оларға сыйлыққа пластинкаларымен патефон беріледі.

Республикалық жарыста бірінші орынға ие болған аудандарда комсомолецтер мен жастардың жемшөп дайындау және тасу жұмысына белсене қатысуын қамтамасыз еткен комсомол қызметкерлері үшін 16 сыйлық — ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасы және бағалы тарту белгіленді.

Жемшөп дайындау мен тасу жоспарының орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз етуде колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға белсенді көмек көрсеткен қалалық комсомол ұйымдары үшін үш сыйлық — ҚЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасы және бағалы тарту белгіленді.

Аудан үшін белгіленген мерзімде пішен дайындау, жемшөп сүрлеу және жемшөпті мал қыстатылатын жерлерге тасу жөніндегі жоспардың орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз еткен аудандық комсомол ұйымдары мен комсомол-жастар бригадалары жемшөп дайындау жөніндегі республикалық жарыста жеңім шыққан болып есептеледі.

Комсомолдың облыстық комитеттері облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларымен және совхоздар трестерімен бірлесіп ай сайын — үстіміздегі жылдың 25 июльінде, 25 августында, 25 сентябріне Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетіне аудандық комсомол ұйымдарының жемшөп дайындау және жемшөп тасу жөніндегі жарысының барысы туралы материалдар тапсырып отыруға тиіс.

Нөп балалы аналарды „Ана даңқы“ орденімен награптау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 19 августтағы Указына сәйкес мыналар наградалсын:

- Т. Мұхаметрақымов. — Петропавл теміржол бөлімшесінің жұмысын тез жақсарту керек (3-бет).
- ЫҚТЫРМА ЕГУ ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН ЖҮРГІЗІЛСІН. Б. Жақыпов. — 250 гектар ықтырма екті (3-бет).
- В. Ли. — Парға ықтырма егу — мол өнімнің негізі (3-бет).
- Т. Нәдіров. — Ықтырма егуге мән бермеген жерде (3-бет).
- НАСИХАТШЫ МЕН ҮГІТШЕ КӨМЕК. И. Григорьев. — Үнемілік тәртібі — социалистік шаруашылық жүргізудің әдісі (3-бет).
- С. Шевченко. — Орта мектепті үздік бітіргендер (4-бет).
- С. Танақұлов. — Оқушылардың облыстық спартакиадада Гватемаладағы агрессияның нақты ұйымдастырушылары туралы (4-бет).
- Гватемаладағы оқығалар жайында (4-бет).

Өткен жылғы кемшіліктерден қорытынды шығармаған жерде Приешімде жемшөп дайындау қарқыны нашар

Приешім ауданының колхоздарында соңғы жылдары мал азығының тапшылығынан бірқатар колхоздар қыста көптеген қайышылықтарға кездесті. Жемшөптің жеткіліксіздігінен мал шаруашылығының өнімдері едәуір кеміді. Мал шығыны болуына жол берілді.

Аудандық партия комитеті мен Совет атқомінің басшы қызметкерлері, колхоздар мен МТС-тердің басшылары өткен жылы орын алған кемшіліктерден быйыл тиісті қорытынды шығарып, мал шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын ертеден белгілеп, оны жүзеге асыруға ауыл-село еңбекшілерін жұмылдыра білулері керек еді. Ама! не, жағдай мұның жерісінше болып отыр.

Быйыл аудан колхоздары жоспар бойынша 75 мың тонна жай шөп дайындауға, 8 мың тонна шөп сүрлеуге тиіс. Бұл жұмысты орындау үшін МТС пен колхоздарға қосымша мемлекет тарапынан ондаған өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машиналары, сондай-ақ шөп тырнауыштары мен пішен жыйнайтын, маялайтын көптеген құрал-саймандар берілді.

Дегенмен, аудан колхоздарында барлық күш-мүмкіншілік бола тұрса да, пішен дайындау жұмысының қарқыны мүлдем баяу болып отыр. Мысалға Ленин атындағы МТС-ті алайық. Бұл аудандағы ірі МТС-тердің бірінен саналады. Оның қамтуында 10 ауылшаруашылық артелі бар. Жоспар бойынша МТС үстіміздегі жылы 35300 гектарға жуық шабындықтың шөбін шауып, 24740 тонна шөп дайындауға тиіс. Мұның өзі шөп шабу жоспарының өткен жылға қарағанда 20 проценттей артып отырғанын көрсетеді. Бірақ, МТС басшылары мұны ескермей күні бүгінге дейін жайырақаттыққа салынып, қоғамдық мал азығының берік базасын қасау мәселесін бетімен жіберіп отыр. Мұнда шөп шабу жұмысын қызу жүргізбек түгі ең алдымен бұл науқанға тыңғылықты әзірлік те жасамаған. МТС-тегі өздігінен жүретін 20 шөп машиналарының небары 12-сі, ал, 95 көлік машиналарының жартысы ғана жұмысқа қосылған, қалғандары кәзірдің өзінде де жөнделіп бітпей тұр.

МТС қамтуындағы бірқатар колхоздарда шөп шабу жұмысының басталғанына

раларына тасу жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

— Пішен дайындауды үлгеріміз, ол үшін уақыт жеткілікті, — дейді егіс бригадасының бригадирі Герин жолдас. Мұның өзі колхоз басқармасының жемшөп дайындау науқанына қауапсыздықпен қарайтынын дәлелдейді. Тіпті колхоз председатели Кузнецов жолдас МТС-тегі өздігінен жүретін шөп машинасын жөндеуге машинисті Мезгілінде жібермей, оны басқа жұмыстарға пайдаланған. Соның салдарынан бұл машина шөп шабуға күні бүгінге дейін толық пайдаланылмай, МТС-тен әкелінген бойы үш күн колхоз орталығында қарап тұрды. Ол олма, колхозда әлі күнге дейін шөп шабу жұмысының жоспары жасалған жоқ. Бұл жөнінде колхоз басшылары ешқандай шара белгілемеген де. Сондай-ақ, колхозда 55 гектар жерге сүрлететін қызылша егудің жоспары орындалмай қалуы, кек шөпке деген 400 гектар егістің жарығы ғана орындалуы басшылардың мал азығын дайындауға мүлдем қауапсыз қарайтындығын көрсетеді.

Қоғамдық мал азығын дайындау жұмысындағы өрескел кемшіліктердің себебі колхоз басшыларының еңбекті дұрыс ұйымдастырмауында. Мұнда жұмыс өте ащ, күндізгі сағат 10-11-де басталып, ерте аяқталады. Бұған алдымен колхоз басқармасы, оның председатели Кузнецов жолдас кінәлі. Өйткені, ол пішен дайындау жұмысына тыңғылықты басшылық жасамай отыр. Кузнецовтың семьясы «Образцовый» колхозында тұрады. Сондықтан ол жұмыс уақытының көбін екі колхоздың арасында жүрумен өткізеді.

Мұндай жағдай «Культурный пахарь» колхозында да орын алып отыр. Колхоз жоспар бойынша 4280 гектар жердің пішенін шабуға тиіс болса, 20 июнге дейін бірде-бір гектар шөп шаппаған. Колхоз председатели Коваленко, партия ұйымының секретары Радионов жолдас шөп жемшөп қорын мол дайындауға колхозда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалануды ұйымдастыра алмай отыр.

Колхоздардағы мұндай жағдай МТС директоры Супрунов, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары

Карпенко жолдас колхоздар мен МТС басшыларынан жемшөп дайындау жұмысының жедел қарқынмен жүргізілуін қамтамасыз етуді қатаң талап етудің орнына, өзі де солардың теріс пікірінен шыға алмай жүр.

Мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру үшін, ең алдымен, қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасау қажет екендігі мәлім. Бұл — жұрттың бәріне белгілі қағида. Бірақ, Мамлют (аудандық партия комитетінің секретары Савинов, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Жадаң жолдастар), Приенім (аудандық партия комитетінің секретары Соболев, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Сәрсенбаев жолдастар), Полудень (аудандық партия комитетінің секретары Карпенко, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Засыпкин жолдастар) аудандарының басшылары бұл белгілі қағидадан естен шығарып, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөпті мол дайындау жолындағы күреске жанды басшылық жасай алмай, қоғамдық малды жеткілікті мөлшерде ұстамағандықтан, қор

да шабылған пішенді шөмелелеу, маяға салу жұмыстары да табысты жүргізілуде.

Возвышен совхозы 25 июнге дейін шөп шабу жоспарының жартысына жуығын орындады да. Облыста жемшөп дайындауды тыңшылықты ұйымдастырған мұндай шаруашылықтар некен-саяқ емес.

Міндет — мұндай озат шаруашылықтар мен механизаторлардың, пішеншілердің жұмыс тәжірибесін зерттеп, көпшіліктің игілігіне айналдыруда.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері колхоз, совхоздардың жемшөп дайындау жұмыстарына басшылығы мен көмегін мейлінше жақсартуға тәуелді керек. Олар әрбір колхоз, совхоздағы жемшөп дайындаудың барысын күйбе-күн біліп, жұмыста артта қалушылықтың себебін ашып, жұмыстағы кемшілікті жоюда колхоз басқармалары мен МТС директорларына әсерлі басшылық жасайтын, нақтылы көмек көрсететін болсын. Сонда ғана жемшөп дайындауда игі нәтижеге ие болуға болады.

Пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың жұмыс

СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША:

Тоғыз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген мына аналар I-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградалсын:

1. **Войтенко** Анна Дмитриевна — Преснов ауданы, Пресновка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.

2. **Ғайнуллина** Хадиса Ахметшарипқызы Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

3. **Долгих** Екатерина Ивановна — Петропавл ауданы, Жамбыл атындағы колхоз, колхозшы әйел.

Сегіз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген мына аналар II-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградалсын:

1. **Битель** Анна Андреевна — Преснов ауданы, Преснов селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.

2. **Галкина** Александра Кондратьевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

3. **Ефименко** Мария Макаровна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

4. **Нечепуренко** Анна Федоровна —

10. **Юрченко** Нина Андреевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

11. **Янцина** Елизавета Францевна — Мамлют ауданы, Сталин атындағы колхоз, колхозшы әйел.

Жеті бала тапқан және тәрбиелеп өсірген мына аналар III-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградалсын:

1. **Бектаева** Фагила — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

2. **Бендер** Лидия Григорьевна — Ленин ауданы, Совет селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.

3. **Бондарь** Татьяна Алексеевна — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.

4. **Брант** Мария Ивановна — Октябрь ауданы, Киров атындағы колхоз, колхозшы әйел.

5. **Вегель** Мария Егоровна — Ленин ауданы, Карл Либкнехт атындағы колхоз, колхозшы әйел.

6. **Генза** Екатерина Егоровна — Полудень ауданы, Тоқшын селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.

7. **Гладкова** Вера Ивановна —

15-20 күн өтті. Содан бері МТС бойынша небары 4570 гектар ғана пішен шабылған. Мұның өзі шөп машиналарының қуаты толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Егер барлық шөп машиналары біздерлікпен пайдаланылған болса, әуентіе кемінде 1100 гектар шөп шабуға болады. Бірақ, МТС және колхоз басшылары бұл мәселеге жете көңіл аудармай, пішен дайындау жұмысына жауапсыздықпен қарап келеді.

Шөп шабу жұмысы, әсіресе, осы МТС қамтуындағы «Семеновод», «Культурный пахарь» колхозтарында мүлдем нашар. Өткен жылы («Семеновод» ауылшаруашылық артелиінде қоғамдық мал үшін жемшөп қорын жасау жоспары орындалмады. Осының салдарынан мал қыстатудың шешуші күндерінде мұнда шөп тапшы болды. Егер көрші колхоздар көмек жасамаса, бірсыпыра малдардың шығынға ұшырауы сөзсіз еді.

Өткен қыстың осы тәжірибесінен колхоз басқармасы, оның председателі Кундеренко жолдас тиісті қорытынды шығара қой-

қойып, жолдастарға мәлім бола тұрса да, олар мал азығын кезінде жеткілікті мөлшерде дайындау жұмысына басшылық жасамай келеді.

Приенім және Тимирязев МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда да шөп дайындау жұмысы сылабыр. Приенім МТС-інде күні бүгінге дейін шөп шабатын машиналардың 50 процентке жуығы жөнделген. Ал, ауылшаруашылық машиналарының механигі Кучер жолдас өздігінен жүретін шөп машиналарының қаншасы жөнделгенін де білмейді. МТС қамтуындағы, әсіресе, Куйбышев атындағы колхозда пішен шабу жұмысы өз дәрежесінде болмай келеді.

Мәселен, Куйбышев атындағы колхозды алайық. Мұнда шөп дайындауда үш бригада жұмыс істейді. Бірақ, оларда еңбек өнімділігі өте төмен. Колхозда он күн мерзімінде небары 210 гектар ғана пішен шабылған. Колхоз председателі Никулин жолдас пішен шабу жұмысы МТС-тің ғана міндеті деген зиянды пікірмен колхоздағы 13 шөп машиналарының көпші-

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Саяси-тәрбие жұмысын жете бағаламаушылық

Коллектив жұмысының табысты болуы—оның мүшелерінің саяси белсенділігіне, жауапкершілік сезіміне байланысты. Адамдарымыздың саяси белсенділігін, олардың колхоз, завод, мектеп өміріндегі жауапкершілік сезімін үнемі көтеру беру үшін Коммунистік партия және Совет Үкметі жұмысшылар мен шаруаларды, интеллигенттерді саяси жұмысқа, әлеуметтік өмірге арқашан белсене қатынастырып отырады, өмірде болып жатқан жаңалықтарды деркесінде танырлықтай етіп сергектікке, кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелейді. Сондықтан саяси-тәрбие, үгіт-бұқаралық жұмыстарына мән бермеу, олардың еңбекшілер бұқарасына жасайтын орасан зор әсерін бағаламау—партиямыздың халыққа жасайтын ықпалына нұқсан келтіру екенін, саяси ықпалдың ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәнін әсіретуге әкеліп соғатынын әдетте бізде кейбір жолдастар жете түсінбейді.

Бұл ішкіміз жалаң құрғақ болмас үшін өзіміз жуырда болған Приешім, Ленин аудандарынан бірнеше мысалдар келтірейік.

Приешім ауданының Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелинің партия ұйымы коммунист Ғалым Әбдірахманов жолдасты үгітші етіп белгілеп, зор сенім білдірді. Бірақ, ол колхозшылар мен механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысқа өте солғын қатысады. Әбдірахманов жолдас тың жерлерді игеруге келген П. Гончаровтың бригадасында көктемнен бері бір-ақ рет болған, онда да ол болудың өзінен ешқандай әсер, пайдалы із қалмаған. Тізімге үгітші деп тіркелген Әбдірахманов жолдас П. Гончаров басқарған трактор бригадасының тамаша еңбек көрсеткіштерімен таныспаған және Гончаров жолдастың мұнан бұрынғы қызметімен танысуға ишет көрсетпеген.

Үгітші— партияның, партиялық жұмыстың адамы болғандықтан еңбек адамдарын жете білуге тиіс, ал, Гончаров— еңбек адамдарының таңдаулы өкілі екенін Аманкелді атындағы колхозда да көрсетіп келеді. Оның бригадасы 500 гектарға жуық тың жер жыртып, оған тұқым септі, 500 гектардан астам жұмсақ жерді жыртып, оны жұмыстады. Кәзір пар жыртуда.

Кубанда 311 гектар бидайдың әрбір гектарынан 40 центнерден, 100 гектар арпаның әрбір гектарынан 48 центнерден өнім алуды қамтамасыз еткені үшін Гончаровты ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Ленин орденімен наградтаған. Бұл фактіні үгітшінің білуі керек пе еді? Я, өте керек еді, бұл фактіні үгітшінің өзі ғана біліп қоймай, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері арасына кеңінен таратуға, насихаттауға міндетті еді. Өкінішті нәрсе сол—мұны Әбдірахманов жолдас ескермеген. Олай болған себебі—коммунист Әбдірахманов партиялық-саяси жұмыстың халық бұқарасын рухтандыратын, партия мен үкметіміздің қараларын орындауға ауыл-село еңбекшілерін жұмылдыратын күшіне әлі жете түсінбейді.

Әрбір сауатты азамат өзінің жалпы жа-

ланған адамға 30-40, тіпті 50 жастың да ешбір бәдеттігі жоқ; екіншіден, білім Москва, Алматы сияқты астаналарда ғана емес, білім—кітапта, газеттер мен журналдарда, колхоз бен совхоз, мектеп өмірін білуде, білім—еңбек адамдарын жете зерттеп білуде екенін түсіну керек.

Мектепте 7-8 жыл оқып, колхозда бригадир, есепші, тракторшы, комбайншы болып істейтін жолдастар көп. 7-8 кластық білім—жақсы сауат. Тек осы 7-8 кластық білімді өздігінен оқу арқылы кеңейту қажет. Бірақ, кейбір жолдастар мектептен қол үзген күні—кітап пен таза беттен де қол үзеді. Мәселен, Ленин ауданының Калинин атындағы ауылшаруашылық артелинде 7-8 класс бітірген жыртып басым көпшілігі газет, журнал алдыртпайды, өздігінен оқымайды. Осы колхоздың сыйыр фермасының есепшісі Назар Сұлтанов ауылшаруашылық техникумының бірінші курсына бітірген.

—Не оқысыз? Қандай газет алдырасыз?— деп сұрасақ— Газет оқу қайда! Газеттің бетіне караған жан емен, алдыртпаймын да,—деп жауап береді ол. Сұлтанов жолдас Қазақстанның неше миллион гектар тың және тыңайған жер игеретінін, соның ішінде өзі мүше Калинин атындағы колхоздың қанша тың жер көтеретінін де білмейді.

Сол сияқты, толық орта дәрежелі білімі бар колхоз есепшісі Тортай Әлкенов, 7 класс бітірген жас колхозшы әйелдер Ғайни, Ұлболсын, Шамшия, Үмсынбай, жас ұста Сатыбалдин сияқты жолдастар газет алдыртпайды, ешнәрсе оқымайды, ауданда, республикада не болып жатқанын білмейді. Бұл төзгісіз жағдай. Өйткені, газет, журнал оқымайтын адам еліміздің өмірінен хабарсыз болып, партия саясатының ықпалынан тысқары қалады. Ал, халықтың өмірі мен партия саясатынан тысқары қалған адамның саяси белсенділігі, сергектігі, қырағылығы төмен болатындығы өзінен өзі түсінбейді. Мақсат—барлық совет адамдарының жалпы білімі мен саяси сауаттылығын көтеру арқылы олардың саяси, еңбек белсенділігін, сергектілігі мен қырағылығын арттыра беру болып отыр.

Осы ауданның Аманкелді атындағы колхозының дала бригадасының бригадирі Н. Елембаев, сыйыр фермасының менгерушісі М. Төлепбергенов, ауылдық Советтің секретары К. Темешов жолдастар—7-8 класс бітірген коммунистер. Алайда, бұл жолдастар жалпы және саяси білім дәрежесін көтермейді. Мәселен, Н. Елембаев «12 кітапша оқып жүрмін» деп жалтартпалағанымен СОКН Орталық Комитетінің февраль-март пленумында қандай мәселелер қаралғанын білмейтіндігі анықталды. Елембаев жолдас пленум қаулысын оқымаған.

Осы колхоздағы Жарғайың жеті жылдық мектебінің оқытушылары жеті мың гектар жер жыртып, дәнді және басқа дақылдар сенкен трактор бригадаларына бүкіл көктем бойына бірде-бір рет бармаған. Олар колхоз өмірінен мүлдем қол үз-

бойынша топ нұсқаушысы Ж. Мырзахметов жолдас Аманкелді колхозына келді. Бір жұмыспен қалаға екі-үш күнге жүруге әзірленіп жатқан колхоз председателінен ол шаруашылық жұмыстарын сұрастырып болғаннан кейін:

—Барып келіңіз. Сіз келгенше мен осында боламын, сізді іздетпеймін. Пар жыртып да, шөп шабуды да қолға алмамын,—деп әкімшілік-бұйрыққа жаттығып қалған кейбір шаруашылық қызметкері сықты жепілетіп ала көнеді. Шаруашылық жұмысты білген өте жақсы, бірақ сол шаруашылық жұмыстарды тындыратын колхозшыларға ықпал жасайтын саяси-тәрбие жұмысын сұрастырмайтын, оны мазмұнды ұйымдастыруға селсөк қарайтын нұсқаушы Мырзахметов жолдастың қыймылын көргенде іштей қатты қынжылғанымызды жасыра алмаймыз.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының артта қалуы жайында Ленин ауданында көптен сөз болып келеді. Дегенмен, өзгеріс шамалы. Саяси-тәрбие жұмысын бағаламайтындықтың фактілері мұнда да күшті. Лекция оқымайды, үгітшілерді тізімнен көргенмен механизаторлар мен колхозшылар арасынан кездестіре алмайсыз. Қабырға газеті шығарылмайды. Социалистік жарыс туралы қаулылар алынған, бірақ, ол шын мағынасында ұйымдастырылмаған.

Бұл колхозда газет, журнал алдыртпайтын коммунист, комсомолец, активтің саны 41 адам. Мәселен, коммунистер: М. Мақенов, К. Хаметов, А. Тәкжиев, К. Ыдырысов, Б. Ешкөев, Ж. Ильясов, комсомолдер: К. Мақенов, Ф. Қадіров, М. Балтабаев тағы басқа жолдастар бірде-бір газет немесе журнал алдыртпайды, ешқандай қоғам жұмысына араласпайды.

Осы колхоздағы Қарағаш жетіжылдық мектебінің мұғалімдері де үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене араласуды борышымыз деп түсінетін көрінбейді. Ленин ауданында 14 күн болғанымызға қарамастан, бригадасында баяндама жасалып, жауапкерлік листок шығарып, не болмаса ауылшаруашылық озаттарының іс тәжірибелерін насихаттап отырған бірде-бір жалғыз үгітші мұғалімге кездеспеді. Қайта, ауылда жүрген кейбір мұғалімдердің үйлерінен көргеніміз: кровать, кебеже астында қант, конфеттен босатылған жәшіктер, ішінде, қуыс, қалтарысы көп үлкен қоралар тұзқірінде уя басып, баланаңдарын ерткіп, мыңқылдаған үйректер мен қанқылдаған төл-төп қаздар, құлындарын ерткен мама биелер мен алшандар басқан сыйырлар. Сыйыр ұстау керек, күс өсірген де дұрыс, тек жеке меншікті шаруашылықтың қызығына түсіп кітап оқып, білім көтеруді тоқтатуға, ауыл еңбекшілері арасында партия саясатының жалғызды үгітшісі болуды ұмытуға болмайды дегіміз келеді және еліміздің өміріне, ауыл-село өміріне белсене араласқанда ғана көп оқып, көп ізденген де ғана тәрбие ісінің әлде қайда жемісті болатыны сөзсіз.

Саяси-тәрбие және үгіт-бұқаралық жұмыстар—халықтың өміріндегі маңызды іс. Оны жете білудің маңызы өте зор. Бірақ, кейбір жолдастар саяси-тәрбие жұмысын жете білудің маңызын түсінбейді, оны жете білудің қажеттігін білмейді. Осыған байланысты біздің мақаламызда осы мәселені көтеріп, оны жете білудің қажеттігін білдіріп отырмыз.



Маленков атындағы астық совхозының жұмысшылар кооперациясы трактор бригадасын қамту үшін жылжымалы дүкенше ұйымдастырды. Краснодар өлкесінен келген сатушы Наталия Кудинова тракторшылар мен тіркеушілерді жақсы қамтып жүр. СУРЕТТЕ: Наталия Кудинованың жылжымалы дүкеншесімен Костенко жолдас басқарған бригаданда сауда жұмысын жүргізіп тұрған кезі.

Мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің облыстық семинары

Облыстық мәдениет басқармасы аудандық мәдениет үйлері қызметкерлерінің, селолық клуб пен оқу үйлері меңгерушілерінің мамандығын арттыру мақсатымен 15 июньнен 1 июльге дейін мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің семинарын өткізуде. Оған 70 адам қатысып жүр. Семинарға қатысушыларға нота үйрену жөнінде тиісті білім беріледі. Сол сияқты, хор, драма үйірмелерінің жұмысы және клубтарда демалыс уақытын қалай өткізудің жолдары үйретіледі. Саяси-бұқаралық жұмыстың түрлері, белгілі тақырыпқа арналған кештер, сұрақ жауап кештері жөнінде де нұсқаулар беріледі. Семинарға қатысушыларға көптеген би түрлері үйретіледі. Бұл үшін қаланың жақсы искусство шеберлері тартылады. Семинар аяқталғаннан кейін арнаулы білімі жоқ қызметкерлер сырттан оқуға жіберіледі.

А. АЛЕКСЕЕВ.

Апалы-сіңлілі сауыншылар

Булаев ауданындағы Совет совхозында апалы-сіңлілі Анна және Мария Коновалар бірқатар жылдардан бері сауыншы болып істеп, өз жұмыстарында айтарлықтай табыстарға жетісін келеді. Олар қазір Бүкілодақтық ауылшаруашылық қызметкерлерінің 1-ші сессиясына қатысады.

Совет Үкметінің АҚШ үкметіне нотасы

24 июньде ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В. А. Зорин АҚШ-тың Москвадағы Елшісі Ч. Болен мырзаны шақырып алып, оған мынадай нота тапсырды:

«Совет Үкметі АҚШ үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды.

Осы жылғы 23 июньде жергілікті уақытпен 4 сағатта Тайвань аралының оңтүстігіне таман ашық теңізде жарыққа арналған керосин жүгімен жүзіп келе жатқан Каратеніз параходтосының советтік «Туапсе» танкерін миноссец типті соғыс кемесі Солтүстік ендіктің 19 градус 55 минут және Шығыс бойлықтың 120 градус 23 минут координаттары тиісті жерде тоқтатып, қару жұмсаймыз деп қорқытқаннан кейін танкер өз бағытын өзгертіп, осы соғыс кемесінің соңынан еруге мәжбүр болған. Миноссец типті соғыс кемесінің шабуыл жасағаны туралы танкердің капитанынан хабар алынғаннан кейін танкермен радио байланыс үзіліп қалды. Совет кемесі мен оның командасының бұдан былайғы тағдыры белгісіз болып отыр.

АҚШ соғыс-теңіз флоты бақылайтын суларда соғыс кемесінің совет танкерін басып алу әрекетін АҚШ соғыс-теңіз күштерінің ғана жүзеге асыра алатындығы мүлде айқын.

Совет Үкметі ашық теңізде совет сауда кемесіне осындай шабуыл жасалуына байланысты Қурама Штаттар үкметі кемесі, оның жүгі мен командасын тезінен қайтаруға шаралар қолданады деп күтеді. Сонымен бірге Совет Үкметі бұл заңсыз әрекетті ұйымдастыруға қатысы бар америка қызмет адамдарын қатаң жазалауы және ашық теңізде еркін жүзу бостандығын өрескел бұзатын мұндай әрекеттердің қайталануына мүмкіндік бермейтін шаралар қолдануды талап етеді.

Совет Үкметі жол беруге болмайтын мұндай әрекеттерге көңіл бөлмей отыра алмайтынын және совет сауда кемелерінің бұл ауданда жүзу хауісіздігін қамтамасыз етуге тиісті шаралар қолдануға мәжбүр болатынын мәлімдеуді қажет деп санайды.

Ч. Болен мырза нотаны АҚШ үкметіне жеткіземін деп уәде берді.

Гватемала үкметінің жолдамасы және Совет Үкметінің жауабы

Осы жылғы 24 июньде ССРО Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов Гватемаланың Сыртқы істер министрі Г. Торизльо мырзадан мынадай телеграмма алды.

«Гватемаладан, 23 июньде, ССРО Сыртқы істер Министріне, Москва.

Хауісіздік Советінің осы жылғы 20 июньде бірауыздан қарар қабылдағанына, бұл қарарда қантөгіске әкеліп соқтыруы ықтимал барлық әрекеттердің тезінен тоқтатылуы көзделіп, Гондурас республикасының территориясынан Гватемалаға басып кірген жалдамалы әскерлердің мұндай әрекеттеріне көмектесуден тартылу— Біріккен Ұлттарға мүше барлық мемлекеттерге ұсынылғанына қарамастан, агрессияның әлі күнге дейін тоқталмағанын, жоғары мәртебелі Сізге хабарлауды аброй деп санаймын. Мұның жерісінше, мұның өзін менің үкметім Хауісіздік Советіне бұған дейін-ақ мәлімдегеніндей, бұл қарулы күштер Гондурас пен Никарагуадағы аэродромдарды оған әрі пайдаланып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып табылатын бұл мемлекеттердің үкметтері тарапынан тиімді көмек алып, олардың заңсыз төзіп отырғандығымен пайдалануда.

Бұл елеулі жағдайды Сізге хабарлап жеткізу мақсатымен және арқашан да агрессияға қарсы шығып, Біріккен Ұлттар принциптерін қорғап келген Сіздің құрметті үкметіңізге Хауісіздік Советінің мүшесі ретінде Хауісіздік Советінің осы жылғы 20 июньдегі қарарының тиімді орындалуын және бұл қарардың орындауын бақылау жөнінде тиісті шаралар қолданылуын көздеп, бұл жоғары органның жаңа мәжілісте өз беделін пайдаланатын болуы үшін ізгі ниетке көмек көрсетіп өзіне Хауісіздік Советінің статусы берген праволармен пайдаланып қалуын өтіну мақсатымен жоғары мәртебелі Сізге жедел телеграмма жолдап отырмын.

Сіздің құрметті үкметіңіздің бұл қылыбын іске жасай алатын қыймылдары үшін шын жүректен айтатын алғысымды жоғары мәртебелі Сізге алдын-ала білдіремін, ал, Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің бірінің хауісіздігін, суверенитеті және тәуелсіздігі бұл істі шешуге байланысты.

Осы жағдайды пайдаланып, өзімнің Сізді өте жоғары және ерекше құрметтейтініме Сізді сендіремін.

ГИЛЬЕРМО ТОРИЗЛЬО
Сыртқы істер министрі».

Сіздің құрметті үкметіңіздің бұл қылыбын іске жасай алатын қыймылдары үшін шын жүректен айтатын алғысымды жоғары мәртебелі Сізге алдын-ала білдіремін, ал, Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің бірінің хауісіздігін, суверенитеті және тәуелсіздігі бұл істі шешуге байланысты.

Осы жағдайды пайдаланып, өзімнің Сізді өте жоғары және ерекше құрметтейтініме Сізді сендіремін.

ГИЛЬЕРМО ТОРИЗЛЬО
Сыртқы істер министрі».

25 июньде В. М. Молотов Г. Торизльо мырзаға мынадай жауап жолдады: «Гватемала, Сыртқы істер Министрі, Гильермо Торизльо мырзаға! Жоғары мәртебелі Сіздің 23 июньдегі телеграмманың алғандығымызды білдіруді және өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап жатқан Гватемала-лық көңіл бөліп қарап, БҰҰ жанындағы совет өкіліне Хауісіздік Советінің осы жылғы 20 июньдегі қарарының орындауын қамтамасыз ету мақсатымен қолынан келген шараның бәрін қолдануға нұсқау бергенін Сізге хабарлауды аброй деп санаймын.

Бұл жауапты пайдаланып, өзімнің Сізді өте жоғары және ерекше құрметтейтініме Сізді сендіремін.

не саяси білім дәрежесін үнемі көтере беруге міндетті. Білім көтеру туралы сөз болғанда кейбір жолдастар: «үйленіп, балалы апағалы болып қалдық. Енді 30-40-қа келгенде білім аламыз деп Москва, Алматы қалаларына бара алмаспыз», деп келеді. Біріншіден, білім алуға шын құштар-

ген, колхоз өміріне белсене араласуды тілеп, құштарланып, ұмтылып тұрған оқытушыны Жарғайың жетіжылдық мектебімен көре алмай аттандық.

Бұл колхозда саяси-тәрбие жұмысы өз дәрежесінде емес. Неге бұлай? Аудандық комитеттің Ильич атындағы МТС аймағы

саяси ықпал жасаудың және халыққа саяси басшылық жасау жөніндегі Коммунистік партияның сынан өткен құралы. Оны бағаламайтындықтың фактілеріне тіптіде төзуге болмайды.

Ж. МҰЗАПАРОВ.
(Арнаулы тілшіміз).

Партия қызметкерлерінің семинары

Бұрнағы күні ҚБП облыстық комитетінің жанында аудандық партия комитеттерінің МТС және совхоз аймақтары бойынша топ қызметкерлерінің, совхоз, МТС бастауыш партия ұйымдары секретарларының семинары басталды.

Семинардың алғашқы күні және келесі күні түске дейін селолық партия қызметкерлері өздерінің жұмыс тәжірибелері туралы пікір алысты. Онда Соколов аудандық партия комитетінің Налобин МТС-і аймағы жөніндегі секретары Дараган жолдас партия ұйымдарының социалистік жарысқа басшылығы туралы, ҚБП Булаев аудандық комитетінің Калинин

МТС-і аймағы жөніндегі секретары Марук жолдас нұсқаушылар тобының жұмысы туралы, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі жөнінде Ұзынкөл совхозы партия бюросының секретары Грачев жолдас, Преснов ауданы Молотов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Давыдов жолдас, Полудень аудандық партия комитетінің Полудень МТС-і аймағы жөніндегі нұсқаушысы Марков жолдас өзінің жұмыс тәжірибесі жөнінде баяндама жасады.

Бұл баяндамалар бойынша семинарға қатысушылар сөз сөйлеп, пікір алысты.

Семинардың жұмысы 4 күнге созылады. Селолық партия қызметкерлері ауылшаруашылық тақырыптарында, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын насихаттау, халықаралық жағдай жөнінде және басқа бірнеше тақырыптарда лекциялар тыңдайды.

Сонымен қатар, семинарға қатысушылар облысымыздың озат шаруашылықтары — Мамлют совхозында және Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозында болып, ол шаруашылықтардың жұмыс тәжірибелерімен танысады.

алу жөніндегі социалистік жарысқа ұштасты.

Анна Конова осы жылдың өткен 5 айы ішінде өзіне бекітіліп берілген 18 сыбырдан 25992 литр сүт алды. Ал, әрбір сыбырдан сауылған сүттің мөлшері орта есеппен есептегенде 1444 литрден асады. Сол сыяқты, Мария Конова да әрбір сыбырдан 1400 литрден сүт алды.

Жақында апалы-сіңлілі Анна және Мария Коновалар өздеріне бекітілген әрбір сыбырдан 2800 литрден сүт алуға міндеттенді. Бұл күндері олар өздерінің алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетуде.

Музыка үйірмесі

Ленин аудандық пионер үйінде, музыка үйірмесі ұйымдастырылды. Қазір бұл үйірмеде 12 оқушы оқып жүр. Олар 3 апта бойына совет композиторларының әндерін үйренумен шұғылданады. Содан кейін пианинода ойнауды үйренуге кіріседі.

ның халқына зор сүйсіненшілік сезіммен қарап отырған ССРО Үкметінің Сіздің телеграммаңызда баяндалған өтінішке то-

діремин.

В. МОЛОТОВ,
ССРО Сыртқы Істер Министрі».

В. М. МОЛОТОВТЫҢ КОРЕЙ ХАЛЫҚ -ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ НАМ ИРДІ ҚАБЫЛДАУЫ

25 июньде ССРО Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов Женевадан келе жатып Москвада тоқтаған Корей Халық-Демо-

кратиялық Республикасының Сыртқы істер министрі Нам Ирді қабылдады.

ССРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ В. В. КУЗНЕЦОВТЫҢ ЖЕНЕВАҒА КЕЛУІ

ЖЕНЕВА, 23 июнь. (СОТА). ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В. В. Кузнецов бүгін Женеваға келді.

В. М. Молотов Женевада болмайтын уақытқа дейін В. В. Кузнецов ССРО-ның Женева кеңесіндегі өкілі болады.

ЖАҢА АСТЫҚ ҮШІН ҚОЙМАЛАР

Алматы облысының дайындаушылары қойма үйлерін жөндеуді өткен жылдан 20 күн бұрын аяқтады. Сыйымдылығы 3 мың тоннадан астам Шамалған механикаландырылған қоймасын жөндеу жұмысы қысқа уақыт ішінде сапалы жүргізілді. Мұнда жылжымалы транспорттер,

астық тазалайтын құралдар және басқалары жөндеуден өткізілді.

Жаңа астық қабылдауға Барахүдзирек және Атбейс дайындау пункттері де жақсы дайындалды. Алматы қабылдау базасының 10 қойма үйінің екеуі толық механикаландырылған. (ҚазТАГ).

Петропавл темір жол бөлімшесінің жұмысын тез жақсарту керек

Жуырда Петропавл темір жол бөлімшесі қызметкерлерінің актив жыйналысы болды. Оған Корған және Бурабай темір жол бөлімшелерінің, сол сияқты, облыс кәсіпорындарының өкілдері қатысты. Онда 1953 жылдың және 1954 жылдың 5 айындағы жұмыстың қорытындысы мен темір жол бөлімшесінің жұмысын жақсартудың шаралары туралы бөлімше бастығы Еремін жолдас баяндама жасады.

Партиямыз бен үкметіміз республикалар мен облыстарды темір жолдармен байланыстырып, халық шаруашылығына қажетті жүктердің темір жол транспортымен тез және көп тасуын қамтамасыз етіп отыр.

Петропавл жол бөлімшесі халық шаруашылығы жүктерін тасуда бірқатар табыстар жетті. Әсіресе, бүкілхалықтық іс — тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға күрделі ауылшаруашылық машиналарын, жыйналмалы үйлер мен өнеркәсіп және азық-түлік товарларын жеткізуде бөлімше коллективі едәуір жұмыстар істеді.

Петропавл темір жол бөлімшесі 1953 жылы жүк тасудың мемлекеттік жоспарының толық орындалуына, Жүк тасу жоспары бойынша жылы да ойдағыдай орындалып келеді. Жол бөлімшесінде машинистер Трубицын, Слюнько, диспетчер Родин, механик Малайин сияқты таңдаулы өндіріс озаттары бар.

Алайда, жол бөлімшесінің жұмысында елеулі кемшіліктердің бар екенін де жасыруға болмайды.

Жол бөлімшесі 1954 жылдың бірінші тоқсанында вагон айналымының жоспарын орындамағандықтан 2 миллион сомға жуық зыян шекті. Тек қана Петропавл паровоз депосы 4 мың тонна көмірді нормадан артық жағып, 1 миллион сом зыян шекті.

Ауыр жүк тиелген паровоздарды жүргізуші машинистердің қозғалысы әлі кең өрістетілмей келеді. Бұл жөніндегі таңдаулы машинистердің озат тәжірибелері мен іс әдістері паровозшылар арасында кеңінен насихатталып, кемшіліктің игілігіне айналдырылмай отыр. Оның үстіне паровозды жөндеу жұмысында ұқыпсыздыққа жол берілуі себепті көптеген паровоздар жолда аз уақыт жүргізіп келіп жөніндегі жөндеуге қойылады.

Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруші таңдаулы машинистердің бастамасы — темір жол транспортындағы пайдаланылмай жатқан ішкі мүмкіншіліктердің мол екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде 1954 жылы майда, Кремльде болған темір жол транспорты қызметкерлері активінің келесінде сөйлеген сөзінде ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. М. Катанович жолдас атап көрсеткен болатын. Бұл нұсқаудан Петропавл жол бөлімшесінің саяси, шаруашылық басшылары тиісті қорытынды шығаратын уақыт жетті.

Ауыр жүк тиелген поездарды жүргізуші таңдаулы машинистердің қатарында Ахмадеев, Трегубов, Слюнько, Ясыр сияқты озаттар бар. Олар үстемізіндегі жылдың бес айының ішінде жоспардан тыс 1 миллион 800 мың тонна жүк тасуына, жаңалық ташқындардың игілікті бастамаларын деркесінде қолдап, оны өндіріске кеңінен енгізу ісімен мықтап шұғылданған жоқ.

Петропавл станциясының коллективі ауыр жүк тиелген поездарды құрастырудың өзіннен 4 миллион тонна халық шаруашылығы жүгін жөнелтуге міндеттеме алған еді. Ама! не, бұл міндеттеме орындалмай қалды. Өйткені, оны мінсіз орындау жолындағы социалистік жарыс тыңғылықты ұйымдастырылмады, алынған міндеттемелерді жеке теміржолшылардың қалай орындап жүргендігі тексеріліп, қорытындыланып отырмады.

Жол бөлімшесіндегі паровоз паркін пайдалану ісі нашар. Паровоздар тәулік бойы 8-ақ сағат жұмыс істеп, қалған уақытта Петропавл станциясында босқа қарап тұрады. Міне, осының салдарынан паровоз паркінде босқа тұрған паровоздардың процент мөлшері әлі күнге дейін азаймай келеді.

Сол сияқты, жол бөлімшесінде вагондарды пайдалану жұмысы да әзірге жақсара қойған жоқ. Оған дәлел, кей уақытта станцияға келген вагондардың жүгі 7 тәулік бойына, кейде одан да көп уақыт түсірілмей тұратын жағдайлар жиі кездесіп отырады.

Жол бөлімшесінде тұрғын үйлер құрылысы мен ескірген үйлерді жөндеу жұмысына жеткілікті назар аударылмай жүр. Тұрғын үйлер құрылысына бөлінген 55 миллион-сом қаржыдан пайдаланылғаны 60 мың сомнан аз-ақ асады.

Баяндама бойынша жарыссызға шыққан вагон участогінің бастығы Козицкий, Петропавл станциясының бастығы Винников жолдастар Теміржолшылар күні қарсаңында өріс алған социалистік жарыс туралы айтты. Станцияның бастығы Винников жолдас теміржолшылар мерекесі күрметіндегі социалистік жарыста еңбек өнімділігінің біраз арта түскенін, соның нәтижесінде коллективтің 1 миллион 200 мың сом пайда келтіргендігін мәлімдеді. Алайда, деді ол, станцияның жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Станцияда поездарды қабылдау, құрастыру, ағыту, жөндеу жөніндегі озат әдістер сылдыр қолданылып келеді. Әсіресе, поездарды құрастырудағы кемшіліктер әлі күнге жойылған жоқ. Коллектив бұл кемшіліктерді жойып, еңбек өнімділігін арттырудың, жүкті тез, көп тасудың және оның өзінде құнын көмірудің тиімді шараларын белгілеп, жүзеге асыруда.

Жыйналысқа қатысушылар таңдаулы машинистер Слюнько және Помозов жолдастардың машинистер арасында социалистік жарысты өрістету және ауыр жүк тиелген поездарды жүргізушілердің қозғалысын бұқаралық қозғалысқа айналдыру туралы айтқан сөздерін зейін қоя тыңдады. Машинист Слюнько жолдас өзінің сөзінің қорытындысында нормадағыдан 3500 тонна артық жүк тиелген составты жүргізуде өзіне міндеттеме алатындығын айтты, бұған жол бөлімшесінің барлық машинистерін шақырамын, деді.

Актив жыйналысында Петропавл темір жол бөлімшесінің жұмысын жақсарту ө...

Ықтырма егу қызу қарқынмен жүргізілсін

250 гектар ықтырма екті

«Гигант» колхозында (Булаев ауданы) Булаев МТС-нің 3 трактор бригадасы жұмыс істейді. Олардағы механизаторлар келесі жылдың егістері үшін 2920 гектар пар жыртуға міндеттенген-ді. МТС механизаторлары мен колхозшылар бұл міндетті агротехникалық қолайлы мерзімде, сапалы орындауға барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыра білді.

Трактор бригадалары өзара социалистік жарыста алған міндеттемелердің орындалуын күнбе-күн тексеріп отырды. Әдетке айналдырды. Жарыс қорытындылары тың жерде жұмыс істейтін Павел Истун жолдас басқаратын комсомол-жастар трактор бригадасы мүшелерінің көрсеткіштері жоғары екенін анықтап отырды. Жастар бұл табысты баянда егуді абройлы іс деп санап, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Тракторшы Сайран Ғалиев, Иван Тарануха, Николай Манже жолдастар «ДТ—54» тракторларымен тапсырмаларын смена сайын асыра орындап, колхозшылар мен механизаторлардың құрметіне бөленді. Жастардың қажырлы және өнімді еңбегі нәтижесінде бригада тапсырма бойынша 850 гектардың орнына, 900 гектар тың жерден пар жыртып.

Савченко, Демиденко жолдастар басқаратын трактор бригадаларының мүшелері де жастардан қалыспады. Олар тың, тыңайған және бұрыннан жыртылған жерлерде пар көтеру жөніндегі белгіленген жоспардың толық және сапалы орындалуына жетісті.

Осының нәтижесінде колхозда 25 июльде 2930 гектар пар сапалы жыртылып, бұл жөніндегі жоспар толық орындалды. Мұның 1780 гектары тың жерлерден 22-25 сантиметр тереңдікте қосымша түрені бар плугтермен жыртылды.

Механизаторлар мен колхозшылар жоспардан тыс 400 гектар пар жыртуға және бұл жұмысты 29 июльге дейін аяқтауға қосымша міндеттеме алды. Бұл міндеттемелерін ойдағыдай орындау үшін олар пар жыртуды әлі де қызу қарқынмен жүргізуде.

Көзір трактор бригадалары парды жыртумен бірге, өңдеу жұмысын да бастады. Парды өңдеуге 3 бригадала 7 трактор бөлінген. Олармен соңғы 2-3 күн ішінде жүздеген гектар пар тырмаланды және дискеленді.

Сонымен қатар, колхозда тың, тыңайған және бұрыннан пайдаланылып келген жерлерде жыртылған парға ықтырма егу жұмысы қызу қолға алынды. Бұл жұмысқа бөлінген Демиденко жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері алғашқы күннен бастап өнімді еңбек етіп жүр. Әсіресе, тракторшы А. Шалак, Ш. Алашев жолдастардың ықтырма егісін егу агрегаттары еңбектегі табыстарымен ерекше көзге түсуде. Олардың агрегаттары парды бір мезгілде дискелеп, тырмалайды және оған ықтырма егісінін тұқы...

Парға ықтырма егу—мол өнімнің негізі

Егіннен мол өнім алу міндеті жерді агротехникалық ережелерге сәйкес жыртып, баптаумен және оған сапалы тұқым себумен ғана бітпейді. Егіннен, әсіресе, дәнді дақылдардан мол өнім алу үшін топырақта ылғалдың мол болуына жетісу керек. Егіс алаңына ылғалды мол сақтаудың маңызды шарасы— парға ықтырма егу болып есептеледі. Мұндағы мақсат қысқы уақытта алаңға қардың көп тоқтауына жетісу.

Көзір ықтырма дақылдарын егудің ең қолайлы мерзімі. Келесі жылы егіннен мол өнім алуға қамтамасыз ету үшін жыртылған парға ықтырма егуді көзірден-ақ тыңғылықты ұйымдастыру керек. Ықтырма егісін жыртылған зябке де егуге болады.

Біздің облыстың жағдайында ықтырма егуге құнбағыс, жүгері дақылдарын пайдалану өте қолайлы. Құнбағыспен жүгеріден жасалатын ықтымалар қатараралықтарының кеңдігі 60 сантиметр болып, екі-үш қатарда егіледі. Олардағы ықтырма жолдарының арасы 12—16 метрден болуға тиіс. Ықтымалар жел көбірек соғатын бағытқа көлденең орналастырылады. Ықтырма егу үшін әрбір гектар егіс алаңына 2—3 килограмм құнбағыс, жүгері тұқымын себуге болады. Ал, ықтырма егуді 10 июльден кешіктіруге болмайды.

Барлық егіс алаңына ықтырма егуді тыңғылықты ұйымдастырған жағдайда ғана егіннен мол өнім алу қамтамасыз етіледі. Мұны облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздары өздерінің жылма-жылғы іс тәжірибелерінен айқын көріп келеді.

Өткен жылы Ленин ауданының Сталин атындағы, Ворошилов атындағы колхоздары 400 гектар парға ықтырма егуді ұйымдастырды. Бұған құнбағыс тұқымы себілді. Мұның өзі қыста егіс алаңына қардың көп тоқтауына мүмкіндік беріп, жерде ылғалдың мол болуын қамтамасыз етті. Ал, ылғалдың мол болуы олар алаңға егілген дақылдардың жақсы өніп-өсуіне қолайлы жағдай тұрғызды.

Быйыл облыс колхоздарында ықтырма егудің көлемі 160 мың гектарға дейін ұлғайтылып отыр. Демек, ықтырманың тек тың және тыңайған жерлерге егілуі жоспарланды. Бұл маңызды міндетті мінсіз жүзеге асыруда мемлекетіміз облыс колхоздарына зор көмек көрсетуде. Барлық колхоздарды құнбағыстың тұқымымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етті.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы колхоздар мен МТС-терде ықтырма егудің жоспарын тағайындады. Сөйтіп, бұл жұмысты облысымызда үлгілі өткізудің шаралары белгіленді.

Алайда, облысымызда ықтырма егудің барысы қанағаттанғысыз екендігін атап айту керек. Бұл жөнінде алдымен колхоздардың, МТС-тердің басшылары және агрономдар кінәлі. Олар әлі күнге дейін ықтырма егісін егудің маңызына мән бермей, агротехникалық қолайлы мерзімді босқа өткізуде.

Тіпті көпшілік колхоздардың басшылары астық пункттерінен құнбағыстың тұқымын тасып алуды да ұйымдастырмай отыр. Шағлы, Чистая, Калинин МТС-терінің қамтуындағы колхоздардан басқа облыстың бірде-бір колхозы 20 июльге дейін құнбағыс тұқымын тасып алмаған. Мұның өзі ықтырма егудің кешейтуіне негізгі себеп болып келеді.

Жекелеген колхоздардың басшылары ықтырма егудің маңызына түсініп, бұл жұмысты үлгілі ұйымдастыруда. Мысалға Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің қамтуындағы Каганович атындағы колхозды алуға болады. Бұл колхоз көзірдің өзінде жүз гектардан астам ықтырма екті. Мұндай алдыңғы қатарлы колхоздардың іс тәжірибелерін кеңінен тарату жөніндегі партия, совет ұйымдарының ауыл шаруашылығы мамандарының негізгі міндеті еді. Ама! не, көп колхоздарда іетің жайы бұған керісінше.

Біз облысымызда жалпы алғанда ықтырма егудің қарқыны мүлдем нашар болып отырғандығын атап айттық. Сондықтан бұл кемшіліктерді тезінен жою

жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоздар мен МТС басшыларының жауапты міндеті болып саналады. Олар ықтырма егуге мән бермеушілік сияқты зиянды әдеттен арылуда тиіс. Сөйтіп, бұл жөніндегі жоспардың облыста 10 июльге дейін толық орындалуына барлық мүмкіншілікті пайдаланулары керек.

Көп колхоздарда ықтырма егісін егуге тұқымдық дәнің жеткіліксіз болуымен бірге, әлі күнге дейін көлікке жегілетін және трактор сеялқалары құнбағысты себуге қайта жабдықталмаған. Сондықтан сеялқаларды қайтадан жабдықтау ісі тезінен жүргізілуіне, бұл іске агрономдар тікелей басшылық жасауға тиіс.

Көзір облысымыздың барлық астық пункттерінде құнбағыстың тұқымы жеткілікті. Колхоз басшылары астық пункттерінен құнбағыс тұқымын тасып алуды бір-екі күннің ішінде ұйымдастырулары керек.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті өзінің «1954 жылы пар жыртылатын тың, тыңайған және көне жерлерге ықтырма егу туралы» қаулысында келесі жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға бағытталған шара ретінде пар жыртылған жерлерге ықтырмаларды кезінде және сапалы егудің айырықша маңызы бар екенін атап көрсетіп, бұл жөніндегі тапсырманың әрбір колхоз, МТС бойынша толық орындалуын талап етті. Міне, сондықтан да ықтырма егудегі орын алған кемшіліктерді тезінен жойып, іске жаңа қарқын тұғызуымыз керек. Сонда ғана әрбір колхозда, совхозда және МТС-те келесі жылы егіннен мол өнім алынуына жетісеміз. Бұған облыста күш-мүмкіншілік ұшан-теңіз. Мәселе сол мүмкіншілікті пайдалана білуде болып отыр.

В. ЛИ,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ауылшаруашылық насихат басқармасының бастығы.

Ықтырма егуге мән бермеген жерде

Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары мен механизаторлары келесі жылдың егісі үшін барлық жағынан қамқорлық жасауда. Көптеген механизаторлар еңбек өнімділігін еселеп арттыру, трактордың қуатын даза жұмыстарына тиімді пайдалану арқылы пар жыртудың, әсіресе, тың көтерудің қарқынын күннен-күнге күшейтуде. Чапаев атындағы МТС-тің Нейзвестный жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері Маленков атындағы колхоздың колхозшыларымен жұмысты тығыз ынтымақта істей отырып, пар жыртуда айтарлықтай табыстарға ие болуда. Бұл бригадалары мүшелері кезіндегі

кен жылы ықтырма егілген парға күздікте қара бидай септі. Көзір ол учаске-терге егілген күздік егістің әрбір гектарынан 47 центнерден көк шөп алынууда. Ал, ықтырма егілмеген учаске-тердегі күздік егістің әрбір гектарынан 40 центнерден ғана өнім алынды.

Алайда, Мамлют ауданының колхоздары осы уақытқа дейін ықтырма егуге мән бермей келеді. Ал, ауданның партия, совет ұйымдарының басшылары Мамлют совхозының тәжірибесін колхоздарға кеңінен таратпады. Сөйтіп, ықтырма егуді екінші қатардағы іс деп санап келді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қа...

Көзір мемлекет тарапынан колхоздарға нақтылы көмек көрсетілуде. Астық пункттерінен құнбағыстың тұқымын алуға болады. Көзірті уақытта құнбағыстың тұқымы Мамлют элеваторында жеткілікті. Солай бола тұрса да, ауданның бірде-бір колхозы тұқымдық дәнді элеватордан алуды ұйымдастырмаған.

Ықтырма егісін егуге көлік және трактор сеялқаларын кеңінен пайдалану керек. Ол үшін сеялқалардың қайтадан жабдықтауы қажет. Бірақ, сеялқаларды қайтадан жабдықтауға бірде-бір колхоз кіріскен жоқ. Агрономдар ықтырма егісін егудің маңыз-мақсатын, оны қалай жүр-

нан әлі ойдағыдай қолдау таппай және ол барлық теміржолшылардың игілікті ісіне айналдырылмай отыр. Өйткені, жол бөлімшесінің басшылары еңбек озаттары-

жолшылардың айналымын тездету, жүкті тез және көп тасу, жүктің өзіндік құнын кеміту жөнінде нақтылы шаралар белгіленді.

Т. МҰХАМЕДРАҚЫМОВ.

Жоспардан тыс 353 мың сомның өнімі

«Бірінші май» кәсіпшілік артелінің тігіншілері бірінші жарты жылдың өндірістік программасын мерзімінен бұрын асыра орындауда жарыста алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асырды. Артелінің таңдаулы тігіншілері еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетуде.

«Бірінші май» артели 25 июльге дейін жарты жылдық жоспарды орындап, жоспардан тыс 353 мың сомның өнімін берді. Цехаралық социалистік жарыста Е. Карнаухова жолдас басқарған әйелдер киімін тігетін цех алда келеді. Әресе, осы цехтың

құрамындағы бригадир В. Кубасова басқарған бригада айлық, тоқсандық және жарты жылдық тапсырмаларын үнемі мерзімінен бұрын орындап отырды. Бригада өндірістік программасын 124 процент орындап, жарыста бірінші орынға ие болды. Осы бригаданың пальто, костюм тігетін шеберлері А. Сафронова, А. Коваленко, А. Плешкина жолдастар алған міндеттемелерін 115-118 процент орындап, тіккен киімдерінің сапасын бұрынғыдан да жақсартта түсті. Кәзір бригада июль айының жоспарын орындап болуға жуық.

А. ПОЛЫМБЕТОВА.

және тракторға дискелер, тырмалар және ықтырма егісін себуге икемделіп қайта жабдықталған саялқалар тіркелген. Осындай агрегатпен Шалак, Алхаев жолдастар смена сайын 55-60 гектар жерге ықтырма үшін күнбағыс тұқымын себуге. Ықтырма егудегі тракторшылармен, колхозшылар техника қуатын және уақытты өнімді пайдаланып, сменалық тапсырмалардың толық және асыра орындалуына жетісіп жүр. Мұның өзі алғашқы екі күн ішінде 250 гектар жерге ықтырма егілуін қамтамасыз етті.

Колхозда былай 1400 гектар парға ықтырма егу жоспарланған. Бұған керекті күнбағыс тұқымы жеткілікті. Екіншілер өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей отырып, ықтырма егісі жөніндегі жоспарды 8 июльге дейін толық орындауға міндеттеніп отыр.

В. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

жер жырты. Мұндай өнімді еңбек етіп жүрген механизаторлар ауданның басқа МТС-терінде де бар.

Тың жерлерге егілген егіннен мол өнім алу күресі, жерді кезінде және агро-техникалық ережелерге сәйкес жұртумен бітпейді. Егіннен мол өнім алу міндеті егістік алаңға ылғалды көптеп сақтауды талап етеді. Қар көптеп тоқтатылған учасқотерге егілген егіннің өнімі қар тоқтатылмаған учасқотердегі егіннің өнімінен әлде қайда көп болатындығын аудан колхоздарының егіншілері өздерінің тәжірибелерінен айқын көріп келеді.

Парға ылғал тоқтатудың негізгі бір тиімді жолы — ықтырма егу болып саналады. Осы аудандағы Мамлют совхозы бірнеше жылдан бері парға ықтырма етіп, егіс алаңына ылғалдың мол сақталуына, сөйтіп, парға егілген дақылдардан мол өнім алуға жетісіп келеді.

Совхоз коллективі малды жазғы уақытта шөппен қамтамасыз ету мақсатымен өт-

тыру және өнімнің өзіндік құнын өсірту үшін, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау үшін, қандай да болса ысырапшылықты жою үшін, ақшамен алынған мөнісінде бақылау жасау үшін бұрынғыдан да гөрі күрес жүргізуге тиісіз.

Біздің халық шаруашылығында үнемшілдік резерві ұшан-теңіз. Өндірістің жекеленген салаларында және бірқатар кәсіпорындарында техника әлі өнімсіз пайдаланылады, жабдықтардың едәуірінің босқа тұруы орын алуда, жұмыс уақыты барлық жерде бірдей тиімді пайдаланылып отырған жоқ, көп реттерде жарамсыз ақаулы бұйымдар шығарылады, шикізатты, материалдарды, отынды жұмсауда несіздікке жол беріледі.

Әресе, техниканы пайдалану саласында резервтер мол. Халық шаруашылығының барлық саласының жетілдірілген жабдықтармен қаруландырылғаны белгілі. Соңғы төрт жылдың ішінде совет машина жасаушылары 2.300 жаңа үлгілі машиналар мен механизмдер жасады және шығарды. Алайда, осы техника барлық жерде бірдей толық жеткілікті пайдаланылып отырған жоқ. Мәселен, 1953 жылы жекелеген көмір шахталарында көмір комбайндарының бұрғылайтын, көмір тасып түсіретін машиналардың қолда барының 55—60 проценті ғана пайдаланылды. Ағаш дайындайтын кәсіпорындарында жұмысқа жарамды ағаш жылжытқыштың төрттен үш және тракторлар мен ағаш тасыйтын автомобильдердің жартысына жуығы іске қосылмады. Мұндай фактілер өндірістің бірқатар басқа салаларында да орын алған.

Мемлекет үшін ақаудың қаншалықты үлкен зияны бар екені туралы мына цифрлардан айқын көрінеді: өнеркәсіпте өндірістік ақаудан болған шығын 1952 жылы 3,2 миллиард сомға, 1953 жылдың бірінші жарты жылдығында — 1,6 миллиард сомға жетті.

Еңбек ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою есебінен үнемшілдіктің үлкен мүмкіншіліктерінің бар екендігін СССР кәсіподақтарының XI съезінде Н. М. Шверник жолдастың баяндамасында келтірілген мынадай фактілерден білуге болады: еңбек ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол берілуі салдарынан ағаш дайындау өнеркәсібінде тұрақты жұмысшылардың 40 процентінен астамы ағаш дайындауда жұмыс нормаларын орындамайды; шахталарда қосымша және кемшілі жұмысшылардың басыртық штаты бола тұрса да, забойларда қажетті жұмыс майданының жоқтығы себепті бірқатар көмір шахталарында жұмысшылардың бес-тен бірінен астам бөлегі жұмыс нормаларын орындамайды.

Біздің кәсіпорындарымыздың жұмысындағы кемшіліктерді жою халық шаруашылығының барлық салаларынан онан әрі өркендету үшін, коммунистік құрылыстың қарқынын шапшаңдату үшін орасан зор қосымша күш алуға мүмкіндік береді.

Үнемшілдік жолындағы күрестің табысты болуы едәуір дәрежеде бұқараның творчестволық өнерінің бұл іске қаншалықты тартылғандығына байланысты. Бұл бағытта кәзірдің өзінде бірқатар табыстарға қол жетті. Елімізде соңғы жылдарда үнемшілдік тәртібі негізінде өндірістің ішкі резервтерін іздеп табуы және пайдалануы өзінің мақсаты етіп қойған патриоттық қозғалыстар өрістеді. Өндіріс резервтерін комплексті табу және пайдалану, жаңа бесжылдық жоспарды қосымша шикізат пен материалдарды жұмсамай артығымен орындау, металлды үнемдеу, өнімнің сапасын жақсартып, өндіріс алаңдары мен жабдықтарын жақсы пайдалану, жоғары еңбек өнімділігі жолындағы социалистік жарыс және жарыстың басқа да түрлері кеңінен өріс алды.

Өндірісті жетілдіру жолындағы еңбекшілердің бұл бұқаралық қозғалысы тамаша жемістерін беруде. Мәселен, 1953 жылы Мамлют және Москва облысының өнеркәсібі мен транспортында 20 мың тоннаға жуық металл, 230 миллион киловатт-сағат электр энергиясы, 272 тонна жүн, 2.500 тоннадан астам мақта және басқа да көптеген шикізат пен материалдар үнемделген еді. 1954 жылғы бірінші тоқсанда Москва мен Москва облысының өнеркәсіп орындары мен транс-

порты 70 миллион киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді. Москваның «Парижская Коммуна» аяқкиім фабрикасы осы жылдың төрт айы ішінде үнемделген шикізаттан 75 мың пар аяқкиім жасап шығарды. Москваның Владимир Ильич атындағы заводының коллективі үстіміздегі жылдың төрт айы ішінде 430 мың киловатт-сағаттан астам электр энергиясын үнемдеді.

Өндіріс алаңдары мен жабдықтарды жақсы пайдалану жолындағы социалистік жарыста айтарлықтай нәтижелерге қол жетті. Мысалы, Москва облысының мақта-қағаз өнеркәсібі Бас басқармасының фабрикаларында жабдықтарды жақсы пайдалану есебінен жіп піру жұмысы 4 мың тонна дерлік және қатты мақта піріп тоқу—20 миллион метрге ұлғайтылды. Москваның М. И. Калинин атындағы жібек піретін фабрикасының коллективі өндіріс резервтерін комплексті пайдалану үшін өрістеген жарыстың нәтижесінде 1953 жылы жоспардағы қарағанда жіпті 17 процент артық пірді.

Мұндай мысалдар өндірістің көптеген салаларында, еліміздің көптеген кәсіпорындарында бар. Олар социалистік үнемшілдік идеясының мемлекет қаржысын үнемдеу жолындағы күресті өздерінің төл ісі деп қарайтын еңбекшілердің қалың тобының игілігіне барған сайын кеңінен айналып отырғандығын сыйпаттайды. Бұл жөнінде мынадай фактілер де толық айғақ. 1953 жылы жұмысшылардың 435 мың өнер табу және рационализаторлық ұсыныстарының өндіріске енгізілуінен мемлекет 4 миллиард 400 миллион сом үнем алды.

Партияның XIX съезінің шаруашылық құрылыстың барлық үлкен және кіші учасқотерінде үнемшілдік тәртібін үздіксіз жүргізудің қажеттігі, кәсіпорындарының рентабельділігін көтеру жөніндегі қарарларын орындай отырып, еңбекшілер социалистік жарыстың негізінде халық шаруашылығының ішкі резервтерін пайдалану үшін, өндірістегі шығынды жою үшін, үнемшілдік үшін күресті күшейтуде.

И. ГРИГОРЬЕВ.

НАСИХАТШЫ МЕН ҮГІТШІГЕ КӨМЕК

Үнемшілдік тәртібі — социалистік шаруашылықты жүргізудің әдісі

Елді индустрияландырудағы ұлы табыстардың негізінде Коммунистік партия мен Совет үкметі социалистік экономиканы жаңадан күшті өрге бастырудың және халықтың тұрмыс дәрежесін жақсартудың программасын жасады. Қысқа мерзім ішінде ауыл шаруашылығының шұғыл өркендеуін, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің мықтап дамуын қамтамасыз ету, осы арқылы талудағы 2-3 жылдың ішінде еңбекшілердің халық тұтынатын азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етілуін шұғыл көтеру міндеті қойылды.

Бұл жауапты міндеттерді ойдағыдай орындау еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды, үнемшілдік тәртібін мұқият сақтау, халық шаруашылығының барлық саласында жұмысты жақсарту негізінде өндірістің ішкі резервтерін жұмылдыруды талап етеді.

Совет халқы коммунистік құрылыстың барлық кезеңдерінде кеңінен қолданған үнемшілдік тәртібі социалистік шаруашылық жүргізудің әдісі болып табылады.

Халық шаруашылығы жоспарлы және рационалды жүргізілетін социалистік қоғамға, өндірістің мақсаты адамның қажетін барынша толық қанағаттандыру болып табылатын қоғамға еңбек және материалдық ресурстарды жұмсауда үнемшілдік тән қасиет.

Совет адамдары құралдарды, материалдарды, шикізатты, жабдықтарды, жұмыс уақытын қатаң үнемдеуге өте ынталы, өйткені, мұның бәрі—бүкіл халықтың игілігі, өйткені, үнемдеу өндірісті өркендетудің, демек, еңбекшілердің тұрмыс жағдайын көтерудің қуатты бұлағы болып табылады. Совет мемлекетінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап ұлы Ле-

нин еңбекшілерді қоғамдық социалистік меншікті қорғауға шақырды.

«Жерді, астықты, фабриканы, құралдарды, өнімді, транспортты,— деп жазды В. И. Ленин,— көздің қарашығындай сақтаңдар, қорғандар, мұның бәрі —кәзірден бастап бүтіндей сіздердікі, бүкіл халықтың игілігі болады». (В. И. Ленин. Шығармалары, 26 том, 266 бет).

Елді индустрияландыру жылдарында үнемшілдік тәртібі алып фабрикалардың, заводтардың, шахталардың, электр станциялардың және басқа индустриялды кәсіпорындарының құрылысы үшін қажетті ішкі резервтерді, қорларды жайнақтаудың қуатты құралы болды.

Үнемшілдік тәртібінің халықшаруашылықтың маңызы туралы мына мәліметтер сыпаттайды: екінші бесжылдықтың жылдары ішінде өнімнің өзіндік құнын (үнемшілдік тәртібінің маңызды нәтижесі болып табылатын) кеміту халық шаруашылығына 19 миллиард сом үнем берді; үшінші бесжылдықта өндіріс шығындарын кемітуден 70 миллиард сом мөлшерінде үнемдеу жоспарланған еді, ал төртінші бесжылдықта бұл үнем 160 миллиард сомға жетті.

Пайдаланылмаған ресурстарды жұмылдырумен, өндіріс пен еңбекті рационалды ұйымдастырумен, өндіріс процесстерін механикаландыруды және автоматтандыруды өркендетумен, өндірістің прогрессивтік технологиясын кеңінен қолданумен байланысты үнем тәртібін қатаң жүргізудің халықшаруашылық жоспарларын табысты орындау үшін, социалистік экономиканы дамыту және нығайту үшін зор маңызы бар. Міне, сондықтан да Коммунистік партия үнем тәртібін онан сайын енгізуге, шығынды,

несіздікті жоюға өрекше зор маңыз беріп отыр.

Үнем тәртібінің маңызы соғыстан кейінгі жылдарда, біздің мемлекетіміздің материалдық-техникалық базасы өлшеусіз ұлғайған кезде, бұрынғыдан да гөрі артып отыр. Бұл жағдайда бүкіл еліміздің көлемінде алынған үнемнің әрбір проценті ондаған миллиард сом мөлшерінде болады.

Партияның XIX съезінде бекітілген 1951—1955 жылдары СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары еліміздің халық шаруашылығының барлық саласын жаңа алып адыммен өркендетуді көздейді. Мысалы, өнеркәсіпке шығарылған мемлекеттік күрделі қаржы бесжылдық ішінде өткен бесжылдықпен салыстырғанда 2 есе, ауыл шаруашылығына шамамен 2,1 есе, транспортқа және байланысқа 63 процент ұлғайтылады. Мұндай орасан зор қаржы жұмсау жағдайында үнемдеу ісіндегі әрбір, тіпті ең шағын күштің өзі өте қуанарлық нәтижелер бере алады. 1953 жылдың аяғында біздің елімізде халық шаруашылығында жұмыс істеген адамдардың саны 44 миллион 800 мың болғандығы белгілі. Барлық жұмысшылар мен қызметшілердің тіпті бір минут жұмыс уақытын босқа өткізуінің өзі 90 мыңдан астам жұмыс күнін жоғалтқандық болып табылады. Сондықтан жұмыс күнінің барлық 480 минутын толық пайдалану үшін күрестің қаншалықты зор маңызы бар екендігі түсінікті.

СССР Жоғарғы Советінің төртінші шақырылуының бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде Г.М. Маленков жолдас былай деді: «...Біз еңбек өнімділігін арт-

тыру және өнімнің өзіндік құнын өсірту үшін, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау үшін, қандай да болса ысырапшылықты жою үшін, ақшамен алынған мөнісінде бақылау жасау үшін бұрынғыдан да гөрі күрес жүргізуге тиісіз.

Біздің халық шаруашылығында үнемшілдік резерві ұшан-теңіз. Өндірістің жекеленген салаларында және бірқатар кәсіпорындарында техника әлі өнімсіз пайдаланылады, жабдықтардың едәуірінің босқа тұруы орын алуда, жұмыс уақыты барлық жерде бірдей тиімді пайдаланылып отырған жоқ, көп реттерде жарамсыз ақаулы бұйымдар шығарылады, шикізатты, материалдарды, отынды жұмсауда несіздікке жол беріледі.

Әресе, техниканы пайдалану саласында резервтер мол. Халық шаруашылығының барлық саласының жетілдірілген жабдықтармен қаруландырылғаны белгілі. Соңғы төрт жылдың ішінде совет машина жасаушылары 2.300 жаңа үлгілі машиналар мен механизмдер жасады және шығарды. Алайда, осы техника барлық жерде бірдей толық жеткілікті пайдаланылып отырған жоқ. Мәселен, 1953 жылы жекелеген көмір шахталарында көмір комбайндарының бұрғылайтын, көмір тасып түсіретін машиналардың қолда барының 55—60 проценті ғана пайдаланылды. Ағаш дайындайтын кәсіпорындарында жұмысқа жарамды ағаш жылжытқыштың төрттен үш және тракторлар мен ағаш тасыйтын автомобильдердің жартысына жуығы іске қосылмады. Мұндай фактілер өндірістің бірқатар басқа салаларында да орын алған.

Мемлекет үшін ақаудың қаншалықты үлкен зияны бар екені туралы мына цифрлардан айқын көрінеді: өнеркәсіпте өндірістік ақаудан болған шығын 1952 жылы 3,2 миллиард сомға, 1953 жылдың бірінші жарты жылдығында — 1,6 миллиард сомға жетті.

Еңбек ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою есебінен үнемшілдіктің үлкен мүмкіншіліктерінің бар екендігін СССР кәсіподақтарының XI съезінде Н. М. Шверник жолдастың баяндамасында келтірілген мынадай фактілерден білуге болады:

Оқушылардың облыстық спартакиадасы



Бұрнағы күні қаладағы «Динамо» стадионында оқушылардың облыстық спартакиадасы басталды. Стадион ерікті спорт қоғамдары туларымен безендірілген.

Спартакиадаға қатысушылардың саны 218 адамнан асады. Оның 180-ні селюлық жерлерден келгендер. Ал қалғаны қала мектептері мен педагогикалық училищенің жас спортшылары.

Спартакиада әдеттегідей жас спортшылардың салтанатты парадымен басталды. Облыстық оқу бөлімі атынан облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары И. П. Залманов жолдас жас спортшыларды спартакиаданың ашылуымен құттықтады.

Бұдан кейін жүз метрден жүгіру жарысы басталды. Булаев ауданының спортшысы Шестериков жүз метрлік қашықтықтан 12,2 секундта келді. Сөйтіп, ол бірінші орынды жеңіп алды. Ал, екінші орынға Преснов ауданының спортшысы Стаценко, үшінші орынға қалалық құрама командасының спортшысы Кузнев ие болды. Шестериков пен Стаценконың көрсеткіші жақында болып өткен облыстық спартакиадаға қатысқан ерлер командасының осы қашықтықтағы жер-рыстағы көрсеткіштерінен әлде қайда артық.

Қыздар командасы арасындағы жүз метрлік жүгіру жарысында Октябрь ауданының спортшысы Жданова осы қашықтықты 14,7 секунд жүгіріп, бірінші орынға шықты.

Қыздар командасы биіктіктен секіруде де жаңа рекордтар жасап, өздерінің спортта шеберліктерін көрсетті. Облысымыздың рекордшысы, қаладағы В. И. Ленин атындағы № 1 қыз балалар мектебінің оқушысы Радченко 1 метр 35 сантиметр биіктіктен секірді. Сол сыяқты, Преснов ауданының спортшысы Никифорова 1 метр 30 сантиметр биіктіктен, Смоленнинова 1 метр 25 сантиметр биіктіктен секіріп, жаңа көрсеткіштерге жетісті.

көрсеткіші Шубновтан 14 сантиметрдей кем шықты.

Таяқпен секіру жарысына көптеген адамдар жыйналды. Бірақ, спорттың бұл түрі бойынша жарысқа бірінші рет қатысқандықтан бұқар спортшылар жарысты аяқтаймай одан шығып кетті. Мұнда Совет ауданының спортшысы Лапин 2 метр 65 сантиметр биіктіктен секірді. Сол сыяқты Булаев ауданының спортшысы Шерстюк 2 метр 55 сантиметр биіктік алып, екінші орынға, ал, Октябрь ауданының спортшысы Яров үшінші орынға ие болды.

Бұл күнгі жарыс қыздар командасының арасындағы ядро лақтыру жарысымен аяқталды. Мұнда Полудень ауданының спортшысы Ермачкова жаңа рекорд жасады. Ол ядроны 8 метр 70 сантиметрге лақтырды.



Гватемаладағы агрессияның нақты ұйымдастырушылары туралы

НЬЮ-Йорк, 22 июнь. (СОТА). Хауіс-сідзік Советінің 20 июньдегі мәжілісінде Гватемала өкілі Кастильо Ариола «Юнайтед Фрут компанидің» Гватемалаға қарудың күшімен басып кіруді ұйымдастырудағы роліне тоқталды.

«Юнайтед Фрут компанидің» мұндай істерде тәжірибесі аз емес. Бұл компания Орталық Америка елдерінде иемденіп отырған орасан көп жерлер мен басқа меншіктерінен түсіретін пайдаларын қамтамасыз ету үшін ондаған жылдар бойы бұл елдерде үкметтерді дамысыз құрып, дамысыз орнынан түсіріп келді. Орталық Америка республикаларында «Юнайтед Фрут компанидің» «банандық империя» деп жиі аталуы тегін емес. Бұл компания Орталық Америка елдері мен Кариб теңізіндегі елдерде 600 мың акре жуық өңделегі жерді, 65 кемесі бар флотты, 1.500 мильден аса темір жолдарды иемденіп отыр. Ол радио-байланыс құралдарын, электр қуатын өндіруді және қалалық транспортты бақылайды. «Юнайтед Фрут компани» өз «империясынан» орасан көп пайда түсіріп, бұл пайда соңғы бес жылдың ішінде жыл сайын 70-тен 100 миллион долларға дейін жеткен.

Американдық екі ғалым—Кеннер мен Сутхилл «Банандық империя» деген кітапта «Юнайтед Фрут компани» туралы былай деп жазған: «Бұл аса қуатты компания бәсекелесушілерді тұншықтырып, үкметтерге өктемдік жасауда, темір жолдарды өз қолдарына алып, плантаторларды күйзелтуге, кооперативтерді басып-тұншықтырып, жұмысшыларды езуде, ұйымдасқан жұмысты қозғалысына қарсы күресіп, тұтынушыларды қамауда».

Кітаптың авторлары бұл компанияның Орталық Америка елдеріндегі астыртын айла-әрекеттерінің тарихын баяндай келіп, «Юнайтед Фрут компанидің» бұл елдердегі үстемділігін нығайту үшін американың соғыс қорабандары мен теңіздегі жаяу әскерлері пайдаланған көптеген оқыйғаларды келтірген.

20 июньде Хауіс-сідзік Советінде Гватемаланың өтінішін талқылаған кезде бұл топпен байланысты АҚШ өкілі Лодж американың ресми өкілдерінің Гватемаламен қатынастарда өздерінің «жеке басының мүдделерін» басшылыққа алатындығын бекер деуге тырысты. Бірақ «Юнайтед Фрут компанидің» директорлары мен олардың көмекшілерінің мемлекеттік департаменттің тиісті саясатын белгілеуге зор ықпал жасап отырғандығы айқын.

1950—51 жылдары мемлекеттік департаменттің халықаралық хауіс-сідзік істері жөніндегі басқармасын басқарған Томас Кэбот бұл компанияның председатели және директоры болған. Оның інісі Джон Кэбот соңғы уақытқа дейін мемлекеттік секретарьдың американың істер жөніндегі көмекшісі болып, Вашингтонның Латин Америкасы елдеріндегі саясаты үшін тікелей жауап беріп келген. Бұдан бірнеше ай бұрын Джон Кэбот өзінің жария мәлімдемесінде «Гватемала үкметінің «Юнайтед Фрут компанидің» мүдделеріне нұқсан

келтіргені үшін оның атына қатты сөздер айтқан кезде, Гватемала баспасөзі Кэботтар семьясының «Юнайтед Фрут компани» істеріне «жеке басының мүдделі» екендігін дереу еске салған болатын.

Компанияның басқа ресми өкілдері мен директорларының да ықпалды саяси байланыстары бар. Кәзіргі уақытта «Юнайтед Фрут» директорлары советінің председатели болып табылатын Бостон финансисі Томас Джефферсон Кулидж 1934 жылдан 1936 жылға дейін финанс министрінің орынбасары болған. Компанияның директоры, Чаннинг Фокс Массачузетс штатының республикалық партиядан сайланған губернаторы болған; компанияның басқа бір директоры У. Камерон Форбс президент Гувердің тұсында Филиппинның генерал-губернаторы және Жапониядағы елші болған. Компанияның тағы бір директоры, Нью-Йорк банкірі Джон К. Олифант Нью-Йоркте республикалық партияның саясатына зор ықпал жасауда. Компания директорларының ішінде сонымен қатар сенатор Лименнің (Нью-Йорк штатынан сайланған) инвестициялық «Лимен бразерс» фирмасындағы біріншісі және жақын туысқаны — Роберт Лимен де бар.

Бостонның финанс тобы АҚШ үкметіне кеңінен қатысып отыр. Мемлекеттік секретарьдың көмекшісі Кэбот қана емес, сонымен бірге сауда министрі Сикклер Уикс, президенттің көмекшісі Шерман Адамс және президенттің арнаулы көмекшісі Роберт Катлер Вашингтондағы қызметтерге қойылғанға дейін Бостонның финанс тобымен тығыз байланысты болған.

Либералдық журналист Стоун өзінің «А. Ф. Стоунс уикли» бюллетенінде 21 июньде: мемлекеттік секретарь Даллестің «Юнайтед Фрут компанидің» Гватемаладағы әрекетіне зор ынта қойып отырғанын атап көрсеткен. Даллестің мемлекеттік секретарь болғанға дейін юридикалық «Салливи энд Кроуэлл» фирмасын басқарғанын еске салып, Стоун былай деп жазған: «Ол үлкен әріптес болған юридикалық фирма «Юнайтед Фрут компани» үшін Гватемаланың транспорт системасын бақылайтын «Интернейшл» рейдуэй оф сенатрал Американың» кеңесшісі және көптеген өндірумен шұғылданған перман компанияларын қамтыған Шредер банкінің кеңесшісі болып табылады, ал герман компанияларының Гватемаладағы плантациялары соңғы соғыс кезінде экспроприацияланған болатын. Гватемаланың еркін үкмет құруға және әлеуметтік реформалар жүргізуге тырысқан әрекеті, оның бақытсыздығына, Орталық Америкадағы ескі тәртіптермен тығыз байланысты адамның АҚШ мемлекеттік секретары болып тағайындалуымен бір мезгілде тұстас келді. Даллес «Юнайтед Фрут компанидің» ең ірі акционері болып табылады.

Техас штатындағы Ларедода шығатын «Таймс» газеті қарулы интервенцияның қарсаңында Гватемалаға қарсы жүргізілген өрескел насихатқа тоқтай келіп, жұырда былай деп көрсетті: «Юнайтед

Фрут компани» және басқа екі корпорация — «Американ Пуэр энд электрик компани» мен «Грейс стимшип лайн» — Гватемала халқының көптеген ұрпақтарының болашақтағы тағдырын шешулеріне мүмкіндік беретін» концессиялар алды. «Бүкіл насихаттың 90 процентке жуығы осы үш монополистің достарынан таралып отыр».

Тіпті шолушы Макс Лернердің өзі де Гватемалаға қарсы жалақорлық науқанға қатысушы «Нью-Йорк пост» газетінде кәзіргі басып кіру әрекетін американың финанс топтарының астыртын жасасып отырғанын мойындауға мәжбүр болған. «Кастильо Армастың басып кіру әрекетін американың финанс корпорацияларының астыртын жасатып отырғанында күмән жоқ, — деп жазған Лернер 21 июньде. — Біздің Гондурас пен Никарагуаға жөнелген қарулылардың бір бөлігі көтеріліс жасаушы армияның (яғни Гватемалаға басып кірген қарулы бандалардың. — **Ред.**) қолына түскенінде де күмән болмауға тиіс».

«Нью-Йорк пост» газеті редакциялық мақалада Гватемала үкметін құлатуды жақтап, соның өзінде «Юнайтед Фрут компанидің» ролі, сірә, тым айқын болып отырғандығы жөнінде абыржығандық білдірген. Газет былай деп жазған: «Бұл бүліншіліктің (яғни Гватемалаға басып кірудің. — **Ред.**) табысқа жетуі де, сәтсіздікке ұшырауы да хауіпті. Егер бұл бүліншілік бимара Гватемала жүзеге асырған шағын экономикалық реформаларды жоюмен тынатын салқын қанды соғыс авантюрасы болып шыққан күнде, біз бұл әрекет үшін көп шығын төлейміз. «Азат ету армиясы» бостандық жалауын әкеле жатыр ма немесе «Юнайтед Фрут компанидің» жиркенішті эмблемасын әкеле жатыр ма деп жұрттың бәрі де сұрайтын болады».

«Дейли уоркер» газеті 21 июньдегі редакциялық мақалада былай деп жазды: «Орасан үлкен «Юнайтед Фрут компани» корпорациясының агенттері латинамерикалық шағын елге басып кіріп, оны бомбалап, қанға тұншықтыруда... Бұл компания Гватемала жұмысшыларына күніне 50 центтен ғана төлеп, оларды нағыз күйзелу шегіне жеткізді. Бұл компания экспорттан алынатын салықтар туралы құпия келісімдер жасасып, Гватемаланың қазынасын тонауда. Бұдан екі жыл бұрын, 1952 жылғы июньде, халқының екі проценті ғана барлық жердің 70 процентін иемденіп келген Гватемала жерді шаруаларға беруге ұйғарған кезде, «Юнайтед Фрут» мазасызданып, Гватемаладағы демократияға қарсы зорлық күш жұмсауға әзірлене бастады...

Кәзір «Юнайтед Фрут» Ақ үйдің жоғары топтарындағы өз агенттері арқылы Гватемаланың көршісі — Гондурастың территориясында фашистік армия құруда... Вашингтон еркіндік бермеген күнде, Гватемалаға қарсы бұл соғыс ешуақытта да басталмаған болар еді».

„Гватемаладан қолдарынды тартындар!

АҚШ КОМПАНИЯСЫ ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-Йорк, 24 июнь. (СОТА). АҚШ компартиясының ұлттық комитеті Уильям Фостер, Элизабет Флинн және Петтис Перри қол қойған мәлімдемені баспасөз өкілдеріне тапсырды. Бұл мәлімдемеде компартияның ұлттық комитеті «Юнайтед Фрут компаниі» жалдамалыларының демократиялық Гватемалаға қаталдықпен басып кіруін Гватемала халқына қарсы қылмыс қана емес, сонымен бірге американың халқымен бүкіл атамзатқа қарсы қылмыс» деп айыптаған.

Американың империализмі жүргізіп отырған соғыс бастау саясатына бүкіл Латын Америкасында кең көлемді оппозиция жасалып отырғанын атап айта келіп, ұлттық комитет өзінің мәлімдемесінде Гватемаладағы оқыйғалар «Гватемалалықтардың көтерілісі» болып табылады, мыс деген мемлекеттік департаменттің желеуіне батыл қарсы шыққан. АҚШ үкметі, деп көрсеткен ұлттық комитет, «Юнайтед Фрут компанидің» мүдделері үшін әрекет жасай отырып, демократиялық жолмен сайланған үкметті «Никарагуаның, Гондурастың, Доминикан республикасының және басқа Латын Америкалық елдердің халықтарына танылғандай қолжаулық диктатурамен» ауыстыруға әрекеттенуде. Бұл — американың үкметі жүргізіп отырған «азат ету» саясатының, мемлекеттік департаменттің бұйрықтарын орындаудан бастартушы үкметтің қандайына болса да қарсы бағытталған соғыстар немесе көтерілістер бастау саясатының бір бөлігі».

Ұлттық Комитет американың патриоттары Біріккен Ұлттар Ұйымының Хауіс-сідзік Советіне хат жолдап, қан төгіске әкеліп соқтыруы ықтимал әрекеттердің қандайы болса да тоқтатуға шақыратын өз қарарын орындауын одан қажырлылықпен талап етуге және агрессорларға қару жеткізудің қандай әрекетіне болса да, тыйым салып, бұл қарарды орындауды американың үкмет орындарынан Хауіс-сідзік Советінің талап етуін көздеуге шақырған.

Компартияның ұлттық комитетінің мәлімдемесі мынадай ұрандармен аяқталған: «Юнайтед Фрут компанидің» Гватемалаға қарсы соғысы тоқтатылсын. Америкада соғыс басталуына жол берілмесін! Гватемаладан қолдарынды тартындар!».

АҒЫЛШЫН -АМЕРИКАН АЛАУЫЗДЫҚ-ТАРЫ ТУРАЛЫ АҒЫЛШЫН БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Ағылшын провинциялық газеттері Черчилль мен Иденнің алдағы уақытта Вашингтонда жүргізілетін келіссөздеріне көп көңіл бөліп, бұл келіссөздерді, көбінесе, ағылшын-американың қайшылықтарының тұрғысынан алып қарауда.

«Манчестер Гардиан» газеті өзінің Женевадағы дипломатиялық шолушысының осы мәселеге арналған хабарына басқан. Женева келіссөзіндегі американың және ағылшын-американың қайшылықтарының тұрғысынан алып қарауда.

ядро лақтыру жарысы өте қызықты болып өтті. Бұған көптеген спортшылар белсене қатысты. Бірінші күнгі жарыстың қорытындысында қалалық құрама команданың спортшысы Кузьев ядроны 10 метр 70 сантиметр қашықтыққа лақтырып, бірінші орынға шықты. Екінші орынды ядроны 10 метр 8 сантиметрге лақтырған Булаев ауданының спортшысы Лапко, үшінші орынды Ленин ауданының спортшысы Воронцов алды.

Ұзындықтан секіруден қаладағы № 2 Киров атындағы орта мектептің оқушысы Шубнов 5 метр 59 сантиметрден секіріп, бірінші орынға ие болды. Ал, Шестериковтың

тындысында Петропавл құрама командасының спортшылары алда келеді. Ал, екінші, үшінші орындарда Булаев, Октябрь аудандарының спортшылары.

С. ТАНАҚҰЛОВ,
Облыстық оқу бөлімінің
физкультура және спорт жөніндегі
инспекторы.

СУРЕТТЕРДЕ: (жоғарыда) эстафетада озып шыққан спортшылар: (солдан оңға қарай) **Н. Кузнецов, В. Пустовалов, В. Стаценко, Т. Радченко, Е. Смоленна** және **В. Акушева.**

Төменде спортшы **Ергалиевтың** ұзындықтан секіріп жатқан кезі. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Орта мектепті үздік бітіргендер

Облыс мектептерінде кәметтік аттестат алу емтиханы аяқталды. Бұрнағы күні облыстық оқу бөлімінде мемлекеттік емтихан кезінде алтын және күміс медальдармен орта мектепті бітірген оқушылардың жазба жұмыстарын тексерудің қорытындысы шығарылды.

Облыс орта мектептерін бітірген 29 оқушы алтын медальдарға ие болды. Сол сияқты мектепті үздік бітірген 68 оқушы күміс медальдармен наградталды.

Быйыл оқу жылында өткізілген кәметтік аттестат алуында мемлекеттік емтиханы жоғары сапада өткізілді. Сонымен қатар көптеген мектептерде оқу-тәрбие жұмысының жоғары дәрежеде жүргізілгендігі байқалды. Бұлардың қатарында Октябрь ауданындағы Ленин атындағы, Преснов ауданындағы Баян, қаладағы Ленин атындағы №1 қыздар орта мектебінің аттарын атауға болады.

Еңбек орта мектебінің кәметтік аттестатқа мемлекеттік емтихан тапсырған оқушысы Серік Майсаханов өзінің терең

білім алғандығын көрсетті. Әсіресе, оның жазба жұмыстары мазмұнды, көркемдік дәрежесі жоғары болды. Облыстық оқу бөлімінің кәметтік аттестатқа мемлекеттік емтихан тапсырушылардың жазба жұмыстарын тексеру жөніндегі комиссиясы оның жұмыстарын өте жоғары бағалап, озат оқушыны алтын медальмен наградтауды ұйғарды.

Айта кететін бір мәселе, быйылғы жылы орта мектепті алтын және күміс медальға бітірген қазақ қыздары көп. Преснов ауданындағы Николаевка орта мектебінің оқушылары Т. Мақанова, Т. Құрманғожина, К. Дүйсенбаева, Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің оқушылары Р. Гайсина, М. Мусина, Е. Қошмағанбетова орта мектепті алтын және күміс медальмен бітіргендер.

Орта мектепті үздік бітірген бұл оқушылар еліміздің қалаларындағы жоғары дәрежелі оқу орындарына түспек.

С. ШЕВЧЕНКО.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„ДАБЫЛДАН КЕЙІНГІ ДАБЫЛ“

Газетіміздің осы жылы 12 июндегі нөмерінде «Дабылдан кейінгі дабыл» деген тақырыппен мақала жарияланған болатын. Облыстық тұтынушылар одағы Октябрь ауданындағы Ленин селолық тұтынушылар қоғамына радиопитание жеткізу жөнінде қолданылған шаралар туралы редакцияға мынаны хабарлады:

Осы жылы 12 июнде универсалдык базадан облыстық тұтынушылар одағының машинасымен тікелей Ленин селолық тұтынушылар қоғамына «Родина-52» радиоқабылдағышы үшін 18 комплект, 23 июнде «Родина-47» радиоқабылдағышы үшін 15 комплект радиопитание жіберілді. Ленин селолық тұтынушылар қоғамының председатели Қонарбаев жолдас-

қа бұл радиопитаниелерді Ленин атындағы және Жамбыл атындағы колхоздардың радиоқабылдағышы бар мұғалімдері мен колхозшыларына сату жөнінде нұсқау берілді.

«Ленин туы» газетінің осы жылы 12 июндегі нөмерінде «Техникум үйі қашан жөнделеді» деген тақырыппен сын мақала жарияланғанды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Қуфман жолдас редакцияға, республикалық ұйымдар арқылы техникумның басшылығын және оқу-материалдық базасын нығайту шаралары белгіленді, деп хабарлады.

Гватемала интервенттерге тойтарыс беруде

НЬЮ-ЙОРК, 23 июнь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Тегусигальпидан (Гондурастың астанасы) берген хабарына қарағанда, Гватемалаға басып кірген интервенттердің отрядтары мазмұндама жариялап, онда Гватемаланың басты порты — Пуэрто-Барриос қаласының бұрынғысына Гватемала үкметінің қолында екендігін баяндаған.

Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауына, интервенттердің самолеттері көше Гватемала астанасының үстінде ұшқан кезде зенит артиллериясының түйдек атысына кездесті.

ПАРИЖ, 23 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Боготадан (Колумбия) былай деп хабарлайды:

Тегусигальпаның радиосы (Гондурас) Гватемала үкметінің хабарлауына, интервенттер шығыс секторларында кейін шегінуде деп хабарлады. Гондурастың астанасында «жалдамалы әскерлер зор шығынға ұшырап, бірнеше секторларда дұшпанның кейін шегініп жолдары бөген тасталған деп мәлімделді».

ЛОНДОН, 23 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің Нью-Йорктегі тілшісінің хабарына қарағанда, Гватемаланың үкмет әскерлері үш қалаға таяу жерде, соның ішінде Караиб теңізінің жағалауындағы Пуэрто-Барриос портының түсында ойдағыдай ұрыстар жүргізу нәтижесінде көптеген соғыс тұтқындарын, қарулар және жабдықтау құралдарын қолға түсірген.

Индонезия халқы АҚШ-тың Гватемалаға қарсы агрессиясын айыптауда

ПЕКИН, 23 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Индонезия баспасөзі АҚШ-тың Гватемалаға қарсы агрессиясын айыптауда. Корей халқына қарсы жасалған қантөгіспен және Индо-Қытайдағы есуастық интервенциямен қанағаттанбай, деп жазған «Хариан ракыят» газеті, американ империалистері бейбітшілікті жақтаушы және шетелдік араласуға қарсы шығушы Гватемалаға қатал шабуыл жасап, жаңа соғыс бастауда.

Бұл соғыста, деп жазады газет, бұдан кейін, Құрама Штаттар өздерінің бейбітшіліктің қас жаулары екендігін әңкереген, маскара болды және оларды жер шарының барлық халықтары бірауыздан айыптап отыр. Бұл соғыс гватемалалықтардың бейбіт тұрмысын бөлеп қана қоймай, сонымен қатар бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке хауіп төндіруде.

Гватемаладағы оқыйғалар, деп жазған «Борита Индонезия» газеті, Құрама Штаттардың шын көкінін ашып берді, олар демократиялық принциптердің бәрін түгелдей бұзып, Гватемала халқының праволары мен суверенитетіне қол сұқты.

Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілі Кастильо Ариоланың Хауіпсіздік Советінің председетеліне телеграммасы

ПАРИЖ, 24 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің БҰҰ штабы-пәтерінен берген хабарына қарағанда, Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілі Кастильо Ариола Хауіпсіздік Советінің председетеліне мынадай телеграмма жолдады:

«Гватемаланың қорғаныс қалаларына әуеден күшті шабуылдар жасалып, бұл шабуылдар кезінде жай халықтың пулеметтерден атқылауы, жүз фунттық жарығыш бомбалармен бомбаланып отырғандығына байланысты, агрессорлардың астыртын радиосының хабарларында Гватемала қаласы және басқа да маңызды қалаларды бомбалайтын ниеті барлығын жариялауға байланысты мен Сізден Хауіпсіздік Советін 24 июнде тығыз түрде шақыруды ресми сұраймын».

Ариола өзінің арнаулы хатында бұдан кейін Хауіпсіздік Советіне 1954 жылы 20 июндегі мәжілісіне тоқтай келіп, былай деп атап көрсеткен: Гватемалаға қарсы агрессияның басқа мәселелерін американ мемлекеттері ұйымының қарауына беруге ұсынған Бразилия мен Колумбия делегацияларының қарар жо-

басын Совет қабылдамай тастаған болатын.

«Халықаралық правоның нормалары, — делінген бұдан кейін арнаулы хатта, — американ мемлекеттері ұйымының шаралар қолдануына мүмкіндік бермейді, өйткені: а) агрессияның құрбаны болып отырған Гватемала үкметі, өз правосына сәйкес, бұл ұйымның осы мәселені қарамауын әдейі өтініп болатын; б) БҰҰ Уставының 103 статьясы негізінде, Гватемаланың БҰҰ мүшесі ретіндегі Уставқа сәйкес міндеттемелері және оның жөнінде алуы мүмкін болатын, қандай да болса міндеттемелері арасында қайшылықтар болған күнде, оның БҰҰ жөніндегі міндеттемелерінің күші басым болады».

Қол қойған Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілі Эдвард Кастильо Ариоло.

Хауіпсіздік Советінің председетелі Ложж басқарып отырған Құрама Штаттардың делегациясы 24 июнде таңертең Гватемаланың талаптары жөнінде біз әлі қарарлар қабылдағанымыз жоқ деп жариялаған.

Гватемаладағы оқыйғалар жайында

ЛОНДОН, 23 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Гватемала армиясының интервенттерге қарсы соғыс қыймылдары туралы мазмұндамасынан үзінділер жариялады.

Мазмұндамада былай делінген: үкмет әскерлері Караиб теңізінің жағалауындағы Гватемаланың басты порты — Пуэрто-Барриос ауданында дұшпанның шабуылын тоқтатты:

«Дұшпан екі рет атақа жасады — Пуэрто-Барриос жағынан темір жол линиясы бойында басты атақа және теңіз жағалауы бойында тағы бір атақа жасады.

Қарсы жасалған күшті атақаның нәтижесінде бірінші шабуылға тойтарыс берілді, бұл атақа дұшпанның әскерлерін Санто-Томас бағытында кейін шегінуге мәжбүр етті, бұл бағыт олардың қашуына мүмкіндік бермеді».

«Екінші атақа да сәтсіз болды, өйткені үкмет әскерлері бұл отрядтарды боттан (кеменің бір түрі) түсіп жатқан кезде қолға түсірді, сонымен қатар осы бағыттағы қаруларды да тартып алды».

ГВАТЕМАЛА ИНТЕРВЕНТЕРГЕ ТОЙТАРЫС БЕРУДЕ

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Лондон радиосы Гватемала армиясы командование-сінің бүгін таңертеңгі мазмұндамасын хабарлады, онда Гватемала армиясы көптеген интервенттерді тұтқынға алды делінген. Тұтқынға алғандардың ішінде әртүрлі ұлттардан шыққан көптеген шег-

Мазмұндамада сонымен қатар үкмет әскерлерінің Гватемала қаласының шығыс жағында 65 миль жерде және Гондурас шекарасының батыс жағында 20 миль жерде орналасқан маңызды қала — Чикумула ауданында да жеңіске жеткені атап көрсетілген.

«Кескілескен ұрыстан кейін үкмет әскерлері дұшпанды талқандап, дұшпан Кесальтенек бағытында (оңтүстік-шығысқа қарай 10 миль жерде) берекесі мүлде кетіп, бет-бөрімен қашты».

«Соңғы хабарлар дұшпанды өкшелеп қуған қыймылдар жасалып жатқанын және дұшпанның едәуір шығынға ұшырағанын көрсетеді».

«Негізгі шабуылдың алғашқы кезеңі болып табылатын операциялардың нәтижесінде біздің армиямыз дұшпанды едәуір шығынға ұшыратып, көптеген соғыс тұтқындарын, көптеген қару-ұрыс жабдыктарын, байланыс құралдарын, әскери жабдыктар, соғыс материалдары тиелген әртүрлі жүк автомашиналарын қолға түсірді».

елдіктер және бірнеше гватемалалықтар бар көрінеді. Мазмұндамада сонымен қатар едәуір мөлшерде соғыс материалдарының, соның ішінде пулеметтердің, жарығыш заттардың және басқалардың қолға түсірілгені айтылған.

кең шолушы, Лав пен Камбоджаға атысты тоқтату туралы келіссөздер жайында 19 июнде қол жеткен келісімнің маңызын және басқа мәселелерді түрліше бағалауда.

«Бұл алшақтықтың күштілігі және елеулі екендігі, — деп жазған шолушы, — үш күннің ішінде, 19 июнде келісімге қолжеткеннен бері, сірә, күшейе түскені айқын... Басқа сөзбен айтқанда, Женевадағы ағылшын, француз делегациялары және басқа делегациялар бұл келісімді кеңестің едәуір табысы, Индо-Қытай проблемасын бейбітшілікпен реттеу күресіне жету жолындағы алдын-ала жасалған маңызды қадам деп санауда. Ал, оның бер жағында американ делегациясының күйініші күшейе түсуде...».

«Манчестер Гардиан» редакциялық мақалада Оңтүстік-Шығыс Азия үшін «қорғаныс ұйымы» дейтінді құру туралы мәселеде Англия мен АҚШ арасында алауыздықтар болып отырғанына назар аударған.

«Бермингем Пост»-тың Вашингтондағы тілшісі де былай деп көрсеткен: Черчилль мен Иденнің Вашингтонға баратын болып отырған себебі сол, «халықаралық саясаттың әртүрлі мәселелері жөнінде Құрама Штаттар мен Англия арасында әлі де болып отырған алауыздықтар жөнінде екі үкмет басынан кешіріп отырған абыржушылық күшейе түсуде».

Қытай Халық Республикасына көзқарасы туралы мәселеге ағылшын-американ алауыздықтарына тоқтай келіп, тілші былай деп жазған: «екі одақтас сонымен қатар жоғары дәрежеде совет басшыларымен келіссөздер жүргізу туралы мәселеге, Пакстанда, Индияда, Иракта, Персияда, Египетте және Израильде ұстауға тиіс болатын саясат туралы мәселеге, ал, сірә, мұның өзі бәрінен де маңызды, — Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «Біріккен қыймылдардың» Даллес ұсынған кепілдіктері туралы мәселеде де ажырасып отыр».

Тілші АҚШ пен Англия үкметтері арасындағы қатынастарда «күшейе түскен алшақтықты» және «шиеленіскен жағдайды» атап көрсеткен.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚАН ҚҰПЫЯСЫ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01269.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.